

Рұқсаттар және хабарламалар туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V ҚРЗ

Қолданушылар назарына!

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң жекеше кәсіпкерлік субъектілерінің және осы Заңда көзделген басқа да тұлғалардың жекелеген қызмет түрлерін немесе әрекеттерді жүзеге асыруының рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін енгізуге байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган – ақпараттандыру және "электрондық үкімет" саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) біліктілік талаптары – өтініш берушінің және лицензиаттың жекелеген лицензияланатын қызмет түрімен және (немесе) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрімен айналысу қабилетін сипаттайтын, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру кезінде де, оның жарамдылығы үақытының бүкіл кезеңінде де қойылатын сандық және сапалық нормативтер мен көрсеткіштер жиынтығы;

3) екінші санаттағы рұқсатты беруге уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыретіне рұқсат беру рәсімін жүзеге асыру жөніндегі функциялар жатқызылған мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға;

4) екінші санаттағы рұқсатты иеленуші – екінші санаттағы жарамды рұқсаты бар жеке немесе заңды тұлға;

5) лицензияланатын қызмет түрі – айналысу үшін осы Заңға сәйкес лицензия алу талап етілетін қызмет түрі (белгілі бір әрекет (операция, сақтандыру сыныптары));

6) лицензия – жеке немесе заңды тұлғаға қауіптіліктің жоғары деңгейіне байланысты лицензияланатын қызмет түрін не лицензияланатын қызметтің кіші түрін жүзеге асыруға лицензиар беретін бірінші санаттағы рұқсат;

7) лицензиар – осы Заңға сәйкес лицензиялауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

- 8) лицензиат – лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға;
- 9) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі – бір лицензия аясында тиісті лицензияланатын қызмет түрін нақтылау;
- 10) лицензиялау – лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаларды және лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшалардың телнұсқасын беруге және қайта ресімдеуге, рұқсаттық бақылауды жүзеге асыруға, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшалардың қолданысын тоқтата тұруға, қайта бастауға және тоқтатуға байланысты іс-шаралар кешені;
- 11) лицензияның иеліктен шығарылатындығы – басқа жеке немесе заңды тұлғаның біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру рәсімдерін жүргізбей, оған лицензияны қайта ресімдеу мүмкіндігі ;
- 12) жарамды рұқсат – берілген, ұзартылған немесе қайта ресімделген, қолданысы осы Заңға сәйкес тоқтатыла тұрмаған немесе тоқтатылмаған рұқсат;
- 13) өтініш беруші – лицензиялаудан немесе рұқсат беру рәсімінен өту үшін тиісті рұқсат беру органына жүгінген немесе хабарлама жіберген жеке немесе заңды тұлға, заңды тұлғаның филиалы немесе өкілдігі, лицензиат, екінші санаттағы рұқсатты иеленуші;
- 14) реттеуші мемлекеттік органдар – рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі енгізілген немесе енгізу жоспарланып жатқан нақты салада кәсіпкерлік қызметті реттеуге жауапты мемлекеттік органдар;
- 15) рұқсат – рұқсат беру органдары лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімі арқылы жүзеге асыратын, жеке немесе заңды тұлғаның қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға құқығын раставу;
- 16) рұқсаттық бақылау – рұқсат беру органдарының рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексеруге бағытталған қызметі, сондай-ақ, олар берілгеннен кейін лицензиаттардың және екінші санаттағы рұқсатты иеленушілердің Қазақстан Республикасының рұқсаттарды және хабарламалар туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету;
- 17) рұқсат беру органдары – лицензиарлар және екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органдар;
- 18) рұқсат беру тәртібі – қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру басталғанға дейін тұлғаның осы Заңда көзделген жарамды рұқсатқа ие болу міндетін белгілеу;
- 19) рұқсат беру рәсімі – екінші санаттағы рұқсатты беруге және оған қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға, сондай-ақ рұқсаттық бақылауды жүзеге асыруға байланысты іс-шаралар кешені;

20) рұқсат беру талаптары - өтініш берушінің және екінші санаттағы рұқсатты иеленушінің рұқсат беру тәртібі енгізілген жекелеген қызмет түрін немесе әрекетті (операцияны) жүзеге асыру қабілетін сипаттайтын, екінші санаттағы рұқсатты беру кезінде де, оның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңінде де қойылатын сандық және сапалық нормативтер мен көрсеткіштердің жиынтығы;

21) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімі - берілген, қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, күші жойылған, ұзартылған, қайта басталған және қолданысы тоқтатылған рұқсаттар және олардың телнұсқалары туралы, сондай-ақ алынған хабарламалар туралы мәліметтер қамтылған рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің құрауышы;

22) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті орган - рұқсаттар мен хабарламалар саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық мемлекеттік орган;

23) рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібінің реттеушілік әсерін талдау (бұдан әрі - реттеушілік әсерді талдау) - кейіннен мемлекеттік реттеу, сондай-ақ кәсіптік немесе кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің өзін-өзі реттеуі мақсаттарына қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік беретін, енгізілетін рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібінің пайдасы мен шығындарын салыстырудың талдамалық рәсімі;

24) рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін қатаңдату - өтініш берушілерге, лицензиаттарға немесе екінші санаттағы рұқсаттарды иеленушілерге қосымша талаптар, міндеттер белгілеу немесе жүктемені өзгеше ұлғайту;

25) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі - лицензиялауды, сәйкестендіру һөмірін бере отырып, рұқсат алу бөлігінде рұқсат беру рәсімдерін электрондық түрде жүзеге асыруға, өтініш берушінің хабарлама жіберуіне және осы процестерді қамтамасыз етуге арналған, "электрондық үкіметтің" құрауышы болып табылатын ақпараттық жүйе;

26) рұқсаттың электрондық нысаны - рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесін пайдалана отырып ресімделетін және алынатын, қағаз жеткізгіштегі рұқсатпен мәні бірдей электрондық құжат нысанындағы рұқсат;

27) тарихи деректер - хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын рұқсат беру органдары мен мемлекеттік органдарда рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу мүмкіндігі уақытша немесе ұдайы болмаған кезеңде берілген немесе жіберілген рұқсаттар мен хабарламалар туралы ақпарат;

27-1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

28) хабарлама - рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті орган немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен нысан бойынша өтініш беруші жасаған, қызметтің немесе әрекеттің жүзеге асырылуының басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы ақпарат беретін құжат;

29) хабарлама жасау тәртібі – қызметті немесе әрекеттерді жүзеге асыру басталғанға дейін жеке немесе заңды тұлғаның бұл туралы осы Заңда белгіленген тәртіппен хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органды хабардар ету міндетін белгілеу;

30) ілеспе рұқсат - өтініш берушіге басқа рұқсатты беру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндettі шарт болып табылатын екінші санаттағы рұқсат;

31) экспорт және импорт саласындағы уәкілетті органдар – экспорт және импорт саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық мемлекеттік органдар.

Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қаранды); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 408-V (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.11.2015 № 391-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленген болса, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу саласы

1. Осы Заңның күші Қазақстан Республикасындағы бір мезгілде мынадай белгілерге сәйкес келетін барлық рұқсаттар мен хабарламаларға қолданылады:

1) жеке немесе заңды тұлға қызметті немесе әрекетті (операцияны) жүзеге асыруды бастау үшін – рұқсатты алған, ал хабарламаны жіберген болуға тиіс;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес рұқсат (ілеспе рұқсаттан басқа) алу және хабарлама жіберу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тұлғалар тобы үшін міндettі болып табылады, ал оларды алмай қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылықта әкеп соғады;

3) рұқсатты беруді және хабарламаны қабылдауды уәкілетті мемлекеттік органдар немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары жүзеге асырады;

4) рұқсат алу, хабарлама жіберу жөніндегі міндет: жеке және заңды тұлғаларға – жекеше кәсіпкерлік субъектілеріне; реттелетін кәсіби қызметпен айналысуға құқық алатын жеке тұлғаларға ; жекеше кәсіпкерлік субъектілері болып табылмайтын, бірақ өзінің қызметін немесе әрекеттерін (операцияларын) жүзеге асыру үшін жекеше кәсіпкерлік субъектілері сияқты сондай рұқсаттарды алуға міндettі жеке және заңды тұлғаларға жүктеледі;

5) рұқсат беруді жүзеге асыратын органдар нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүргізуге және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда рұқсат беруден бас тартуға уәкілетті болады;

6) жеке кәсіпкерлік субъектілері алатын рұқсаттар оларға кейіннен жөнілдіктер (жөнілдік шарттарын) беру үшін негіздеме болып табылмайды.

2. Осы Заңның күші:

1) осы Заңға 1 және 2-қосымшаларда көзделмеген, "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген рұқсаттарға;

2) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуге және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуге, заңды тұлғалар қызметінің тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуге, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуден шығаруға;

3) "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын валюталық операцияларды тіркеуге және валюталық операциялар туралы және шетел банкінде шот ашу туралы хабарлама жасауға;

4) "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалы қағаздар әмитенттері ұсынатын ақпарат пен есептерді қоса алғанда, әмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды мемлекеттік тіркеуге, шет мемлекет аумағында резидент-ұйымдардың әмиссиялық бағалы қағаздарын шығаруға және (немесе) орналастыруға рұқсат беруге;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті жүзеге асыру процесінде бағалы қағаздар әмитенттері мен қаржы ұйымдары жіберетін хабарламаларға (мәліметтерге);

РҚДО-ның ескертпесі!

2-тармақты 5-1) тармақшамен толықтыру көзделген - КР 24.11.2015 № 422-V Заңымен (16.12.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).

6) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген, осы Заңға 2-қосымшада көзделмеген рұқсаттарға;

7) табиғи монополиялар салаларында және реттелетін нарықтарда табиғи монополиялар субъектілерінің тариф белгілеуді реттеу және реттелетін нарық субъектілерінің баға белгілеу бөлігінде басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның әрекеттеріне;

8) "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген рұқсаттарға;

9) ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздік жөніндегі талаптарды орындауға жатқызылатын және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган жеңе заңды тұлғаларға беретін рұқсаттарға қолданылмайды.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-бап. Рұқсаттар және хабарламалар саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаттараты

Рұқсаттар және хабарламалар саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

- 1) тұтынушылар, кәсіпкерлер және мемлекет мүдделерінің теңгерімі;
- 2) рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін енгізу қызметінен негізділігі және тиімділігі;
- 3) мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы және ақпаратқа қолжетімділік;
- 4) өзара жауптылық;
- 5) сыйайлас жемқорлықтан азат болу.

5-бап. Тұтынушылар, кәсіпкерлер және мемлекет мүдделерінің теңгерімі

1. Рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін енгізу қызмет немесе әрекеттер (операциялар) қауіпсіздігінің жеткілікті деңгейін, кәсіпкерлерге объективті түрде қажетті ең аз жүктеме кезінде тұтынушылардың құқықтарын барынша тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

2. Біліктілік және рұқсат беру талаптары өтініш берушіге, лицензиатқа немесе екінші санаттағы рұқсатты иеленушіге алдағы қызмет және әрекет (операция) немесе объект қауіпсіздігінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету үшін жеткілікті сандық және сапалық нормативтер мен көрсеткіштердің ең аз қажетті жиынтығын қамтамасыз етуге тиіс.

3. Рұқсат беру органдарының Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде тікелей көзделмеген құжаттарды беруді талап етуге құқығы жоқ.

6-бап. Рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін енгізу қызметінен негізділігі және тиімділігі

1. Рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін енгізу қызметінен негізділігі және тиімділігі мемлекеттік реттеу мақсатына қол жеткізуде негіздеудін, келісудің және олардың тиімділігіне мониторинг жүргізу қызметтің міндетті рәсімдерін енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Рұқсаттарды беру кезінде, сондай-ақ өзге жағдайларда алынатын алымдардың немесе төлемдердің мөлшері мемлекеттің рұқсат беру тәртібін әкімшілендіруге жұмсалатын шығындарын өтеу қажеттігіне байланысты айқындалуға тиіс.

Реттеу шектеуші сипатта болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарымен рұқсаттар беру кезінде алымдарды немесе төлемдерді алу және олардың мөлшері мүлік цензі және нарыққа кіру үшін шектеу ретінде, сондай-ақ қауіптілік деңгейі жоғары қызметке немесе шектеулі ресурстар немесе квотаны пайдалану қызметіне берілетін рұқсаттарға қатысты көзделуі мүмкін.

3. Енгізілген рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібінің жүктемесі реттеушілік әсерді талдау арқылы өлшенуге және бағалануға тиіс.

4. Реттеу құралдарын таңдау қызмет түрлеріне немесе әрекеттерге (операцияларға) және жекеше кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тәуекелдерді бағалау және басқару қағидаттараты негізге алына отырып жүзеге асырылады.

Әртүрлі жекеше кәсіпкерлік субъектілерінің алдағы қызметіне немесе әрекетіне (операциясына) байланысты қауіптілік деңгейіне қарай қызметтің бір түрі немесе әрекет (операция) шенберінде рұқсат алу немесе хабарлама жіберу жөнінде талап белгіленуі мүмкін.

5. Рұқсат беру тәртібі, егер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өнімге қойылатын талаптар, сәйкестікті міндettі растау жөніндегі талаптар мемлекеттік реттеу мақсаттарына қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайларда белгіленеді.

7-бап. Мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы және ақпараттың қолжетімділігі

1. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне рұқсаттарға және (немесе) хабарламаларға қатысты өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы өзгерістер және (немесе) толықтырулар жүртшылықпен талқыланғаннан кейін жүзеге асырылуға тиіс.

2. Мемлекеттік органдарда бар, пайдаланылуы шектелмеген және мұдделі адамдарға қажетті ақпарат қолжетімді болуға тиіс.

3. Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты қоспағанда, берілген рұқсаттар, жіберілген хабарламалар, рұқсаттар берудің және хабарламалар жіберудің шарттары туралы мәліметтер "электрондық үкіметтің" веб-порталында және мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында қазақ және орыс тілдерінде орналастырылуға тиіс.

4. Рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін енгізуге және жүзеге асыруға байланысты барлық рәсімдер мен талаптар барлық мұдделі адамдар үшін түсінікті болуға тиіс.

8-бап. Өзара жауаптылық

1. Рұқсат беру арқылы мемлекет лицензиаттың, екінші санаттағы рұқсатты иеленушінің мемлекеттік реттеу мақсаттарына сәйкес қауіпсіздіктің ең төмен деңгейін қамтамасыз етуін растайды.

2. Алқалы түрде қарау және (немесе) шешім қабылдау мүмкіндігі, әдетте, өтініш берушінің тәжірибесін және (немесе) біліктілігін бағалауды немесе басқа өтініш берушілердің жағдайларымен салыстырғанда өтініш берушінің қызметті немесе әрекетті (операцияны) жүзеге асыруының неғұрлым үздік жағдайын таңдауды жүзеге асыру қажет болған жағдайда белгіленуі мүмкін.

9-бап. Сыбайлас жемқорлықтан азат болу

1. Рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін енгізу және жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысы және құқықты таңдап қолдану фактілері орын алмауға тиіс.

2. Рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау кезінде лицензиялау және рұқсат беру рәсімдері процесінде жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдармен байланыстарын шектеу мақсатында, әдетте, "бір терезе" қағидатын қолдану көзделеді, бұл ретте мемлекеттік органдардан алынатын барлық қажетті келісулерді рұқсат беретін органдардың өздері алуға тиіс.

3. Жеке және заңды тұлғалардан осы Заңда көзделмеген рұқсаттардың немесе хабарламалардың болуын талап етуге ешкім де құқылы емес.

2-тaraу. РҰҚСАТТАР ЖӘНЕ ХАБАРЛАМАЛАР САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТИК РЕТТЕУ ЖҮЙЕСІ

10-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне:

1) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;

1-1) өзін-өзі реттеуді дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) лицензиарларды және лицензия беруге келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау;

3) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қарашыз);

4) екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органдарды, екінші санаттағы рұқсатты беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау;

5) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қарашыз);

6) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қарашыз);

7) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараныз);

8) өндірілуі, өнделуі, сатып алынуы, сақталуы, өткізілуі, пайдаланылуы және жойылуы лицензиялануға жататын улардың тізбесін бекіту;

9) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараныз);

10) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараныз);

11) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараныз);

12) өзіне Конституцияда, осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараныз); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.11.2015 № 391-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органның құзыретіне:

1) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) даму процесін басқару, қолжетімділік құқықтарын белгілеу, рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға және қайта ресімдеуге арналған өтініштердің нысандарын, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның нысандарын әзірлеу және бекіту;

4) хабарламалар нысандарын және мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы нормативтік құқықтық актіні әзірлеу және бекіту;

5) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

6) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі)
Заңымен;

8) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі)
Заңымен;

9) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі)
Заңымен;

10) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі)
Заңымен;

11) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі)
Заңымен;

12) автоматтандыруға жататын және жатпайтын рұқсаттар тізбесін бекіту туралы
ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен бірлескен бүйректы бекіту;

13) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан
қараныз);

14) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы
Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де
екілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

**Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (қолданысқа енгізілу тәртібін
3-баптан қараныз); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

12-бап. Реттеуіші мемлекеттік органдардың құзыреті

1. Реттеуіші мемлекеттік органдардың құзыретіне:

1) лицензиарларды, лицензия беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды
айқындау туралы нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу және оларды рұқсаттар және
хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен
келісу;

1-1) ойын бизнесі саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік
талаптары мен құжаттар тізбесін қоспағанда, біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікі
растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, рұқсаттар
және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті
органмен келісу және оларды бекіту;

2) екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органдарды, екінші санаттағы рұқсаттар
беруді келісуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы нормативтік құқықтық
актілердің жобаларын әзірлеу әрі рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен
және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу;

2-1) рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті раdstайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы үәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы үәкілетті органмен келісу және оларды бекіту;

3) екінші санаттағы рұқсатты алуға арналған өтініштердің нысандарын, екінші санаттағы рұқсаттардың нысандарын әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы үәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы үәкілетті органмен келісу және оларды бекіту;

4) рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру қағидаларын және осы Занда рұқсат беру тәртібі енгізілген қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы үәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы үәкілетті органмен келісу және оларды бекіту;

5) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі)
Заңымен;

6) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі)
Заңымен;

7) жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша олардың нақты қызмет түрлерін немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға арналған рұқсаттарды алу қажеттігі немесе алу қажеттігінің жоқтығы туралы қорытынды беру;

8) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

2. Қаржы саласындағы қызмет және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті раdstайтын құжаттардың тізбесін, лицензияларды алуға арналған өтініштердің нысандарын және лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшашың нысандарын, рұқсат беру талаптары мен оларға сәйкестікті раdstайтын құжаттардың тізбесін, екінші санаттағы рұқсаттарды алуға арналған өтініштердің нысандарын және екінші санаттағы рұқсаттардың нысандарын, рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру қағидаларын және осы Занда рұқсат беру тәртібі енгізілген қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру қағидаларын, хабарламалардың нысандарын және осы Занда хабарлама жасау тәртібі енгізілген хабарламаларды қабылдау тәртібін рұқсаттар және хабарламалар саласындағы үәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы үәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі әзірлейді және бекітеді.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Рұқсат беру органдарының құзырыеті

Рұқсат беру органдарының құзырыетіне:

1) өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін белгілеу;

- 2) лицензиялауды немесе рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру;
- 3) рұқсаттық бақылауды жүзеге асыру;
- 4) мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты, азаматтық және қызметтік қаруды және оған патрондарды, азаматтық пиротехникалық заттарды және олар қолданылып жасалған бүйімдарды сатып алуға арналған рұқсаттарды, еңбекші көшіп қонушыларға арналған рұқсаттарды қоспағанда, рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;
- 5) рұқсат беру рәсімдерін және лицензиялауды рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы оның жұмыс істей қағидаларына сәйкес электрондық түрде жүзеге асыру;
- 6) мемлекеттік органдарға өтініш берушінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі бөлігінде рұқсат беруді келісу туралы сауал жіберу;
- 7) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

14-бап. Хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың құзыреті

Хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың құзыретіне:

- 1) хабарламаларды қабылдау;
- 2) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;
- 3) хабарлама жасау тәртібін рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы оның жұмыс істей қағидаларына сәйкес электрондық түрде жүзеге асыру;
- 4) өтініш берушінің нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды сақтауын тексеру;
- 5) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңмен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз).

15-бап. Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның құзыреті

Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның құзыретіне:

1) автоматтандыруға жататын және жатпайтын рұқсаттардың тізбесін бекіту туралы бірлескен бүйрықты рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен бірге әзірлеу және бекіту;

2) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен келісу және оларды бекіту;

2-1) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен келісу және оларды бекіту;

3) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қарандыз).

З-тaraу. ҚЫЗМЕТТИ НЕМЕСЕ ӘРЕКЕТТЕРДІ (ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ) ЖҰЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ РҰҚСАТ БЕРУ ЖӘНЕ ХАБАРЛАМА ЖАСАУ ТӘРТІБІ

16-бап. Реттелетін қызметтің немесе әрекеттердің (операциялардың) қауіптілік деңгейлері

1. Рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі алда жүзеге асырылатын қызметтің немесе әрекеттердің (операциялардың) қауіптілік деңгейіне қарай енгізіледі және мынадай деңгейлерге бөлінеді:

1) бірінші санаттағы рұқсаттар – жоғары деңгейлі қауіптілікке байланысты қызмет түрлеріне (кіші түрлеріне) немесе әрекеттерге (операцияларға) қатысты енгізілетін лицензиялар;

2) екінші санаттағы рұқсаттар – лицензиялар болып танылмайтын, орта деңгейлі қауіптілікке байланысты қызмет түрлеріне (кіші түрлеріне) немесе әрекеттерге (операцияларға) қатысты енгізілетін барлық рұқсаттар;

3) хабарламалар төмен деңгейлі қауіптілікке байланысты, бірақ мемлекеттік органдардың осындай қызмет түрлерінің немесе әрекеттердің басталғандығы немесе тоқтатылғандығы туралы ақпарат алуын талап ететін қызмет түрлеріне немесе әрекеттерге қатысты енгізіледі.

2. Қызметтің немесе әрекеттердің (операциялардың) қауіптілік деңгейлері реттеушілік әсерді талдау негізінде белгіленеді.

17-бап. Рұқсат беру және хабарлама жасау тәртіplerі туралы жалпы ережелер

1. Жеке және занды тұлғалардың жекелеген қызмет түрлерін немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруды бастау және кейіннен жүзеге асыру үшін жарамды рұқсатының болуы немесе осы Занда белгіленген тәртіппен хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға хабарлама жіберуге міндettі.

2. Жеке және заңды тұлғалардың осы Заңда рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі белгіленген қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) тиісті рұқсатты алмай немесе тиісті хабарламаны жібермей жүзеге асыруны жол берілмейді.

Осы Заңда өздеріне қатысты рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі белгіленген қызметті немесе әрекетті (операцияны) жүзеге асыру басталғанға дейін жеке немесе заңды тұлғалар рұқсатты алуға және ол жарамды болуға тиіс, ал хабарламаны жеке немесе заңды тұлға жіберуге тиіс.

3. Осы Заңға сәйкес өздеріне қатысты рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі енгізілгенге дейін қызметті немесе әрекетті (операцияны) рұқсатсыз немесе хабарламасыз жүзеге асырып келген жеке және заңды тұлғалар осы Заңда өздеріне қатысты рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі енгізілетін қызметті немесе әрекетті (операцияны) жүзеге асыруды жалғастыру үшін тиісті рұқсатты алуға немесе тиісті хабарлама жіберуге міндettі.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтары осы Заңның 18-бабы 5-тармағының бірінші бөлігінде және 28-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларға қолданылмайды.

5. Осы Заңда рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін белгілеу адамдардың өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, меншікті қорғау, ұлттық қауіпсіздікті және құқық тәртібін қамтамасыз ету мақсатында қызметтің немесе әрекеттің (операцияның) қауіптілік деңгейіне қарай жүргізіледі.

6. Осы Заңға 1, 2 және 3-қосымшаларда рұқсаттардың және хабарламалардың толық тізбесі көзделеді.

7. Рұқсаттарға, сондай-ақ оларға қосымшаларға қатысты беру, ұзарту, қайта ресімдеу, қайта бастау және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да әрекеттерді жүзеге асыру мемлекеттік көрсетілетін қызметтер болып табылады және осы Заңға қайши келмейтін бөлігінде "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

18-бап. Рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін енгізу және оның құшін жою тәртібі

1. Рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі тиісті рұқсатты немесе хабарламаны осы Заңға 1, 2 және 3-қосымшаларда көзделген рұқсаттар немесе хабарламалар тізбелеріне енгізу арқылы ғана енгізіледі.

2. Рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін енгізу үшін реттеуші мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес реттеушілік әсерді талдау рәсімін алдын ала жүргізуге тиіс.

Осы тармақтың құші Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қолданылмайды.

3. Бұрын рұқсат беру тәртібіне жатқызылмаған қызметке немесе әрекетке (операцияға) қатысты рұқсат беру тәртібі енгізілген кезде рұқсат алу міндettі қызметті немесе әрекетті (

операцияны) жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғада рұқсат алу тәртібін регламенттейтін және (немесе) рұқсат алу үшін міндettі талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық акт қолданысқа енгізілген күннен бастап туындаиды.

4. Рұқсат алу тәртібін регламенттейтін, рұқсат беру немесе біліктілік талаптарын және (немесе) өтініш берушілердің осындай талаптарға сәйкестігін раставтын құжаттар тізбесін бекітетін нормативтік құқықтық актілер алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткенге дейін қолданысқа енгізіле алмайды.

Бұрын рұқсат беру тәртібіне жатқызылмаған қызметке немесе әрекеттерге (операцияларға) қатысты рұқсат беру тәртібі енгізілген жағдайда, өтініш берушілер рұқсат алу тәртібін регламенттейтін, рұқсат беру немесе біліктілік талаптарын және (немесе) өтініш берушілердің осындай талаптарға сәйкестігін раставтын құжаттар тізбесін бекітетін нормативтік құқықтық актілер қолданысқа енгізілгенге дейін, бірақ көрсетілген актілер қолданысқа енгізілгенге дейін бес жұмыс күннен кешіктірмей рұқсат алуға өтініш беруге құқылы.

Бұл ретте осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес берілген өтініштер бойынша рұқсаттар беруді немесе оларды беруден уәжді бас тартуды рұқсат беру органдары осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген нормативтік құқықтық актілер қолданысқа енгізілгеннен кейін, оларды беру үшін белгіленген мерзімдерде жүзеге асыруға тиіс.

5. Осы баптың 4-тармағына сәйкес рұқсат алуға өтініш берген өтініш берушілер рұқсат берілгенге дейін немесе оны беруден уәжді түрде бас тартылғанға дейін рұқсат беру тәртібі енгізілген қызметті немесе әрекетті (операцияны) рұқсаты болмай-ақ жүзеге асыруға құқылы.

Осы тармақтың күші қаржы саласындағы қызметке және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметке берілетін рұқсаттарға қолданылмайды.

6. Рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібінің күшін жою осы Заңға 1, 2 және 3-қосымшаларда көзделген рұқсаттар мен хабарламалар тізбелерінен рұқсатты немесе хабарламаны алып тастау арқылы жүзеге асырылады және жеке немесе заңды тұлғаның қызметті немесе әрекетті (операцияны) рұқсаты болмай-ақ немесе хабарлама жібермей-ақ жүзеге асыру құқығына әкеп соғады.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. Реттеушілік әсерді талдау

1. Рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібін қолданудың тиімділігіне қарай реттеушілік әсерді талдау нәтижелері бойынша рұқсаттардың немесе хабарламалардың жекелеген түрлері бір түрден екінші түрге ауыстырылуы не олардың күші жойылуы немесе міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуге берілуі мүмкін.

Осы Заңға сәйкес жүзеге асырылуы үшін рұқсаттың болуы немесе хабарлама жіберу талап етілетін қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) мемлекеттік реттеу немесе міндettі мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу мақсаттарына қол жеткізілмеген жағдайда рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібінің күші жойылуға жатады.

2. Осы баптың күші Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қолданылмайды.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 12.11.2015 № 391-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен сон қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-бап. Өтініш берушілердің құқықтары

1. Өтініш берушілердің:

1) рұқсаттар мен хабарламалар туралы толық және анық ақпарат алуға;

2) рұқсат беру органдарының және хабарламалар қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің лицензиялауды және рұқсат беру рәсімдерін немесе хабарламалар қабылдауды жүзеге асыру мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға;

3) рұқсаттарды конкурс арқылы беруді қоспағанда, осы Заңының 48-бабының ережелерін ескере отырып, рұқсатты және (немесе) оған қосыншаны алу үшін немесе хабарлама жіберу үшін өтініштің электрондық немесе қағаз нысанын таңдауға;

4) осы Заңының 48-бабының ережелерін ескере отырып, берілетін рұқсаттың және (немесе) оған қосыншаның электрондық немесе қағаз нысанын таңдауға құқығы бар.

2. Шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар және шетелдік занды тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының зандарында және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтарымен және занды тұлғаларымен тен дәрежеде рұқсаттар алады және хабарламалар жібереді.

Ескерту. 20-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 408-V (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен .

21-бап. Рұқсат беру органдарының құқықтары мен міндеттері

1. Рұқсат беру органдарының өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдарға лицензиялауды немесе рұқсат беру рәсімін жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратқа, оның ішінде ақпараттық жүйелер арқылы сауалмен жүгінуге құқығы бар.

2. Рұқсат беру органдары:

1) осы Заңға сәйкес лицензиялауды және рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыруға;

2) мүмкіндігі шектеулі адамдардың рұқсаттар алуы кезінде олар үшін қажетті жағдайлар жасауға;

3) лицензиялау, рұқсат беру рәсімдері, бұл үшін талап етілетін құжаттар тізбесі туралы және осындай құжаттарды алу және ресімдеу тәртібі туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда беруге;

4) мемлекеттік органдарға және Мемлекеттік корпорацияға лицензиялауды және рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру үшін, оның ішінде ақпараттық жүйелер арқылы жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды және (немесе) ақпаратты ұсынуға;

5) өтініш берушілердің, лицензиаттардың және екінші санаттағы рұқсаттарды иеленушілердің бұзылған құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шаралар қолдануға;

6) рұқсаттар беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйелердің іркіліссіз жұмыс істейін және толығып отыруын өз құзыretі шегінде қамтамасыз етуге;

7) өтініш берушілердің, лицензиаттардың және екінші санаттағы рұқсаттарды иеленушілердің, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, рұқсаттар беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға жазбаша келісімін алуға, оның ішінде электрондық құжат нысанында алуға;

8) инвестициялар жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес инвестициялық басым жобаларды іске асыратын инвесторларға қатысты лицензиялауды және рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру үшін қажет ақпаратты беруге міндетті.

Ескерту. 21-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.11.2015 № 408-V (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

4-тaraу. РҰҚСАТТАР

22-бап. Рұқсаттардың қолданысы

1. Рұқсаттар беру біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкес келетін барлық тұлғалар үшін тең негіздерде және тең жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Осы Занға 1 және 2-қосымшаларда ескерту ретінде:

1) лицензияның иеліктен шығарылатындығы туралы;

2) рұқсат беру кезінде конкурс рәсімдерінің қолданылатындығы туралы;

3) рұқсаттың қолданылу мерзімі туралы;

4) рұқсат беру кезінде осы Занғың 25-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің және 26-бабы 1 және 2-тармақтарының күші қолданылмайтындығы туралы мәліметтер;

5) басқа да қажетті мәліметтер көрсетіледі.

3. Рұқсаттардың күші, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына қолданылады.

23-бап. Рұқсаттардың сыныптары

Реттеу объектілеріне қарай рұқсаттар мынадай сыныптарға бөлінеді:

- 1) 1-сынып – қызметке берілетін рұқсаттар;
- 2) 2-сынып – объектілерге берілетін рұқсаттар;
- 3) 3-сынып – біржолғы рұқсаттар;
- 4) 4-сынып – ресурстары шектеулі немесе квоталарды пайдаланатын қызметке берілетін рұқсаттар;
- 5) 5-сынып – жеке тұлғаларға кәсіби қызметке берілетін рұқсаттар;
- 6) 6-сынып – өнімге берілетін рұқсаттар.

24-бап. Рұқсаттардың және (немесе) оларға қосымшалардың нысандары

Рұқсаттардың және (немесе) оларға қосымшалардың нысандарын рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ қаржы саласындағы қызмет және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекітеді.

Рұқсатқа қосымша рұқсаттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Лицензияға қосымша лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрлерін немесе әрекеттерді (операцияларды) немесе лицензия берілген немесе берілетін объектілерді көрсету, сондай-ақ қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асырудың нақты мекенжайын көрсету үшін ресімделеді.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз).

25-бап. Рұқсаттарды алуға арналған өтініштерді қараудың жалпы тәртібі

1. Рұқсат беру органы лицензиялау кезінде немесе рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру кезінде рұқсатты және (немесе) оған қосымшаны беруге өтініш берушінің құжаттарын алған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндепті.

Өтініш беруші құжаттардың толық емес топтамасын ұсынған жағдайда, рұқсат беру органы көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан уәжді түрде бас тартады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында белгіленген жағдайларда өтініш берушінің Нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан мемлекеттік органдардың келісімдерін (ілеспе рұқсаттарды) алу үшін рұқсат беру органы өтініш берушінің рұқсатты және (немесе) оған қосымшаны алуға арналған құжаттары тіркелген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушінің алдағы қызметті немесе әрекетті (операцияны) жүзеге асыру орны бойынша тиісті мемлекеттік органдарға сауал жібереді.

Мемлекеттік органдар рұқсат беру органының сауалы негізінде он жұмыс күні ішінде тиісті рұқсат беру органына өтініш берушінің лицензиялау кезінде немесе рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру кезінде қойылатын талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы жаупты жібереді.

Екінші санаттағы рұқсаттар үшін нормативтік құқықтық актілерде осы баптың 1-тармағында, осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген жағдайлар үшін өзгеше мерзімдер белгіленуі мүмкін.

3. Мемлекеттік органдар белгіленген мерзімдерде жауап ұсынбаған жағдайда, рұқсат беру келісілген деп есептеледі.

Осы тармақтың ережелері осы Заңға 1 және 2-қосымшаларда тиісінше ескерту бар рұқсаттарға қолданылмайды.

4. Рұқсатты және (немесе) оған қосымшаны беру үшін тиісті рұқсат беру органына немесе Мемлекеттік корпорацияға ұсынылған барлық құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның көшірмесі көрсетілген органның құжаттарды қабылдаған күні туралы белгімен өтініш берушіге жіберіледі (тапсырылады). Бұл ретте тізімдемені өтініш беруші жасайды.

Өтініш рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда берілген жағдайда рұқсат беру органының уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған, тиісті өтініштің қабылданғандығын растау туралы құжат беріледі.

Ескерту. 25-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз); 17.11.2015 № 408-V(01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі)
Заңдарымен.

26-бап. Рұқсат беру мерзімін өткізіп алу салдары

1. Егер рұқсат беру органы осы Заңға сәйкес айқындалған мерзімдерде өтініш берушіге рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны бермеген не оларды беруден уәжді түрде бас тартпаған жағдайда, оларды беру мерзімдері өткен күннен бастап рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілді деп есептеледі және рұқсат беру органы оларды бір мезгілде рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне енгізеді.

2. Рұқсат беру органы рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны беру мерзімі өткен кезден бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіге тиісті рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны беруге міндettі.

Рұқсат беру органы рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны бес жұмыс күні өткеннен кейін бермеген жағдайда, рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша алынды деп есептеледі. Мұндай жағдайда, рұқсат алғанға дейін рұқсат беру органы немесе Мемлекеттік корпорация өтінішті қабылдау кезінде берген рұқсат алуға арналған тиісті өтініштің қабылданғанын растайтын құжат – осы Занда рұқсат беру тәртібі белгіленген қызметті немесе әрекетті (операцияны) жүзеге асырудың заңдылығын растау болып табылады.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда өтініш берілген жағдайда рұқсат беру органының уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған құжат өтініштің қабылданғандығын растау болып табылады.

3. Осы баптың ережелері осы Заңға 1 және 2-қосымшаларда тиісті ескерту бар рұқсаттарға қолданылмайды.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 17.11.2015 № 408-V Заңымен (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

27-бап. Рұқсатты және (немесе) оған қосымшаны беру үшін шетелдік заңды тұлғалардың құжаттарды ұсыну ерекшеліктері

Шетелдік заңды тұлғалар жеке бизнес-сәйкестендіру номірін алған жағдайда дербес немесе филиалдар және (немесе) өкілдіктер басшыларының өкілеттіктері болған кезде осы заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген филиалдары және (немесе) өкілдіктері арқылы және осындағы филиалдардың және (немесе) өкілдіктердің деректемелерін және бизнес-сәйкестендіру номірлерін пайдалана отырып, лицензиялау немесе рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асырған кезде алынатын алымдарды немесе төлемдерді төлеуді жүзеге асырады.

5-тaraу. ЛИЦЕНЗИЯЛАУ

28-бап. Лицензиялау салалары

1. Лицензиялауға мынадай:

- 1) телерадиохабарларын тарату;
- 2) мәдениет;
- 3) білім беру;
- 4) сәулет, қала құрылышы және құрылыш;
- 5) мұнай және газ;

- 6) өнеркәсіп;
- 7) ақпараттандыру және байланыс;
- 8) есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы;
- 9) денсаулық сақтау;
- 10) атом энергиясын пайдалану;
- 11) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 12) жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар;
- 13) қару-жарақ, әскери техника және жекелеген қару түрлерінің, жарылғыш заттар мен олар қолданылатын бұйымдар айналымы;
- 14) улы заттар айналымы;
- 15) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін дайындау;
- 16) этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру және олардың айналымы, темекі өнімдерін өндіру;
;
- 17) тауар биржалары;
- 18) экспорт және импорт;
- 19) қаржы саласы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет;
- 20) ғарыш кеңістігін пайдалану;
- 21) ойын бизнесі;
- 22) ветеринария;
- 23) ауыл шаруашылығы;
- 24) көлік;

- 25) сот сараптама қызметі;
- 26) жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету салаларындағы жекелеген қызмет түрлері немесе әрекеттер (операциялар) жатады.

2. Мынадай субъектілердің:

- 1) мемлекеттік органдардың және мемлекеттік қызметшілердің өкілеттіктер шегінде;
- 2) дербес білім беру үйымдарының және олардың үйымдарының, оның ішінде көрсетілген үйымдарда білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыруға білім беру бағдарламаларын енгізетін және (немесе) іске асыратын шетелдік заңды тұлғалардың;
- 3) Қазақстан Даму Банкінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктер шегінде;
- 4) кредиттік серіктестіктер, орталық депозитарий, тіркеуші, мемлекет қатысатын кредиттік бюро, өзара сақтандыру қоғамдары, "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі операторы, Бірыңғай жинақтаушы зейнетакы қоры, Ұлттық пошта операторы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктер шегінде жүзеге асыратын қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты;
- 5) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің уәкілетті үйымының Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктер шегінде қару-жарак, әскери техника және жекелеген қару түрлерінің, жарылғыш заттар мен олар қолданылатын бұйымдар айналымы саласындағы қызметті лицензиясы болмай жүзеге асыруына жол беріледі.

29-бап. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру шарттары

1. Лицензиялар лицензиардың орналасқан жері бойынша беріледі.
2. Егер жергілікті атқарушы органдар немесе орталық мемлекеттік органның аумақтық органдары лицензиарлар болып табылса, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша:
 - 1) олардың қызметті жүзеге асыру орны бойынша берілетін "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілетін лицензияларды қоспағанда, жеке немесе заңды тұлғаны не шетелдік заңды тұлғаның филиалын немесе өкілдігін тіркеу орны бойынша;
 - 2) Қазақстан Республикасының аумағында филиалы немесе өкілдігі жоқ шетелдік заңды тұлғаға, Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленген жағдайларды қоспағанда, оның қызметті жүзеге асыру орны бойынша беріледі.
3. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өтініш;

2) қаржы саласындағы қызметті және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметті, сондай-ақ азаматтық және қызметтік қару мен оған патрондардың айналымына байланысты қызметті, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымына байланысты қызметті, күзет қызметін жүзеге асыруға байланысты қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар үшін – жарғысының (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариат қуәланырған) көшірмесі;

3) заңды тұлға үшін – өтініш беруші заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасы;

4) жеке тұлға үшін – жеке басын қуәланырратын құжаттың көшірмесі;

РҚДО-ның ескертпесі!

5) тармақшаны алып тастау көзделген – ҚР 29.03.2016 № 479-V Заңымен (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі).

5) жеке кәсіпкер үшін – өтініш берушіні жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы қуәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқа ұсынылмаған жағдайда нотариат қуәланырған) көшірмесі;

6) "Электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар.

4. Осы баптың 3-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсыну, лицензиарда осы құжаттарда қамтылған ақпаратты тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алуға мүмкіндік болған жағдайда талап етілмейді.

Шетелдік заңды тұлға, шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам болып табылатын өтініш беруші өзінде осы баптың 3-тармағының 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген құжаттар болмаған кезде өтініш беруші туралы осыған ұқсас мәліметтерді қамтитын басқа да құжаттарды ұсынады.

Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензия беру кезінде құжаттар тізбесіне қойылатын қосымша талаптарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі де белгілей алады.

5. Осы баптың 2-тармағының күші "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 73-бабында көзделген тәртіппен лицензия алу жағдайларына қолданылмайды.

6. Лицензиясы бар қызмет түрі немесе әрекет (операция) шенберінде жарамды лицензияға қосымшаны алу үшін мынадай құжаттар қажет:

- 1) өтініш;
- 2) өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;
- 3) ұсынылуы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құжаттар.

7. Егер осы Заңға 1-қосымшада өзгеше көзделмесе, лицензиялар олардың қолданылу мерзімі шектелмей беріледі.

8. Егер иеліктен шығару осы Заңға 1-қосымшада көзделген жағдайларда иеліктен шығарылуы мүмкін "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияларды қоспағанда, лицензиялар иеліктен шығарылмайтын болып табылады.

30-бап. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру туралы өтініштерді қарau мерзімдері

1. Атом энергиясын пайдалану саласындағы, қаржы саласындағы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет, білім беру, мұнай және газ саласындағы лицензияларды және (немесе) лицензияға қосымшаларды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны не оларды беруден уәжді бас тартуды лицензиар он бес жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

2. Атом энергиясын пайдалану саласындағы, қаржы саласындағы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет, білім беру, мұнай және газ саласындағы лицензия және (немесе) лицензияға қосымша не оларды беруден уәжді бас тарту Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген тиісті құжаттармен қоса өтініш ұсынылған күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

3. Экспорттық бақылауға жататын өнімнің импорты мен экспорты саласындағы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны не оларды беруден уәжді бас тартуды лицензиар осы Заңның 37-бабы 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген мерзімдерде береді.

Ескерту. 30-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

31-бап. Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым

Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым (бұдан әрі – лицензиялық алым) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес лицензия (лицензияның телнұсқасы) беру (қайта ресімдеу) кезінде, сондай-ақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) көзделген өзге де жағдайларда алынады.

Лицензиялық алымның мөлшерлемелері "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленеді.

Лицензияға қосымшаларды (лицензияға қосымшалардың телнұсқаларын) беру кезінде лицензиялық алым алынбайды.

Осы Заңның 44-бабында көзделген жағдайларда лицензияларды және (немесе) лицензияға қосымшаларды беру кезінде лицензиялық алым алынбайды.

32-бап. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту

1. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тарту, егер:

1) Қазақстан Республикасының зандарында жеке немесе занды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;

2) лицензиялық алым енгізілмеген;

3) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

4) лицензиар тиісті келісуші мемлекеттік органнан өтініш берушінің лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауп алған;

5) өтініш берушіге қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы занды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;

6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот өтініш беруші-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған жағдайларда жүзеге асырылады.

Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысуға лицензияларды және (немесе) лицензияларға қосымшаларды беруден бас тарту үшін қосымша негіздерді Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

Экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспортына және импортына лицензиялар беруден бас тарту үшін қосымша негіздер "Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Занында белгіленеді.

2. Осы баптың 1-тармағының күші "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Занының 73-бабында көзделген тәртіппен лицензия алу жағдайларына қолданылмайды.

3. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден қағаз жеткізгіштегі немесе электрондық құжат нысанындағы уәжді бас тартуды лицензиар өтініш берушіге лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін белгіленген мерзімдерде береді.

33-бап. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу

1. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай:

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгерген;

2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы немесе занды мекенжайы өзгерген;

3) занды тұлға-лицензиат осы Заңың 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес қайта үйымдастырылған;

4) занды тұлға-лицензиаттың атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген;

5) егер нақты лицензияның иеліктен шығарылатындығы осы Заңға 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығарған;

6) "объектілерге берілетін рұқсаттар" сыныбы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгерген;

7) Қазақстан Республикасының зандарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда қайта ресімделуге жатады.

2. Рұқсат беру тәртібі енгізілген қызмет түрінің және (немесе) кіші түрінің атауы өзгерген жағдайда, лицензиаттың лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге құқығы бар.

Атауы өзгерген қызмет түріне лицензиясы бар лицензиат лицензияны алдын ала қайта ресімдеген жағдайда, лицензияға қосымша алуға құқылы.

3. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды:

1) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті орган немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі бекіткен нысан бойынша өтінішті;

2) лицензияларды қайта ресімдеу жағдайлары үшін – "электрондық үкімет" төлем шлюзі арқылы ақысын төлеуді қоспағанда, лицензиялық алым төлегенін раставтың құжатты;

3) алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың көшірмелерін;

3-1) осы баптың 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес лицензия қайта ресімделген жағдайда, лицензияны иеліктен шығаруға келісуі туралы лицензиаттың хаты беріледі;

4) ұсынылуы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де құжаттарды ұсынады.

4. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы өтінішті өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туындаған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде беруге тиіс.

Лицензияны осы баптың 1-тармағының 7) тармақшасында көзделген негіз бойынша қайта ресімдең жағдайда, өтініш берушінің лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беру мерзімі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Осы Заңның 34-бабының 4 және 5-тармақтарында көзделген негіздер бойынша қайта ресімдеуді қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде лицензиар өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін тексермейді.

5. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмаған немесе тиісінше ресімделмеген жағдайда лицензиар лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны осы баптың 1-тармағының 1), 2), 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша бастамашылық жасалған қайта ресімдеуден бас тартады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру қажеттігі көзделсе, осы талаптарға сәйкес келмеу де лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

6. Бір немесе одан көп банк операциялары, сақтандыру қызметіндегі бір немесе одан көп сыйып лицензияланатын қызмет түрінен алып тасталған жағдайда, өтініш беруші тиісті нормативтік құқықтық актінің қолданысқа енген күнінен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде лицензияның қосымшасымен бірге лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті. Қаржы саласындағы қызмет және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет түрінің атаяу өзгерген жағдайда, егер мұндай өзгеріс лицензияланатын қызмет түрі мәнінің өзгеруіне әкеп соқпаса, өтініш беруші тиісті нормативтік құқықтық актінің қолданысқа енген күнінен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде лицензиялық алымның төленгенін раставтың құжаттарды қоса бере отырып, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген құжаттар ұсынылмаған немесе тиісінше ресімделмеген жағдайда, лицензиар лицензияны қайта ресімдеуден бас тартады.

7. Қайта ресімделген лицензиялар және (немесе) лицензияларға қосымшалар осы Заңның 48-бабының ережелері сақтала отырып, электрондық нысанда ресімделеді.

8. Егер осы Заңың 34-бабында өзгеше мерзім белгіленбесе, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуді лицензиар осы баптың 3-тармағында көзделген құжаттар берілген кезден бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

Заңды тұлға-лицензиат қайта үйымдастырылған жағдайда лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданысы

1. Заңды тұлға-лицензиатты бірігу нысанында қайта үйымдастыру кезінде онда бар лицензия және (немесе) лицензияға қосымша бірігу нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғаға осы Заңың 33-бабының 3 және 4-тармақтарында айқындалған тәртіппен қайта ресімделуге жатады. Сол бір лицензияланатын қызмет түріне немесе лицензияланатын қызмет түрінің кіші түріне лицензиялары бар бірнеше заңды тұлға-лицензиаттар біріккен кезде, өтініш берушінің таңдауы бойынша осындай бір ғана лицензия және (немесе) лицензияға қосымша бірігу нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғаға қайта ресімделуге жатады.

2. Заңды тұлға-лицензиатты қайта құру нысанында қайта үйымдастыру кезінде онда бар лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта құру нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғаның үйымдық-құқықтық нысаны үшін лицензияланатын қызметтің түрімен немесе лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрімен айналысу Қазақстан Республикасының заңдарында тыбым салынған жағдайларды қоспағанда, қайта құру нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғаға осы Заңың 33-бабының 3 және 4-тармақтарында айқындалған тәртіппен қайта ресімделуге жатады.

3. Заңды тұлға-лицензиатты басқа заңды тұлғамен қосылу нысанында қайта үйымдастыру кезінде қосылған заңды тұлға-лицензиаттың лицензиясы және (немесе) лицензияға қосымшасы осы Заңың 33-бабының 3 және 4-тармақтарында айқындалған тәртіппен соңғысына қайта ресімделеді. Егер қосылатын заңды тұлғада және қосылатын заңды тұлғаны өзіне қосып алған заңды тұлғада сол бір лицензияланатын қызмет түріне немесе лицензияланатын қызмет түрінің кіші түріне лицензиялар болса, қосылатын заңды тұлғаның лицензиясын заңды тұлғаны қосып алған заңды тұлғаға қайта ресімдеу жүргізілмейді.

4. Заңды тұлға-лицензиатты бөліп шығару нысанында қайта үйымдастыру кезінде онда бар лицензия және (немесе) лицензияға қосымша бөліп шығарылған заңды тұлғаның келісімі болған кезде, бөлініп шыққан заңды тұлғаның лицензияланатын қызметтің тиісті түрін және (немесе) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі расталған жағдайда ғана қайта үйымдастыру нәтижесінде бөлініп шыққан заңды тұлғаның біреуіне қайта ресімделуге жатады.

Қайта үйымдастыру нәтижесінде бөлініп шыққан заңды тұлға лицензияны осы тармақта көзделген негіз бойынша қайта ресімдеуге өтініш беруші болып табылады.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта үйымдастыру нәтижесінде бөлініп шыққан заңды тұлғаға қайта ресімдеу үшін өтініш беруші осы Заңың 33-бабының 3-тармағында көзделген құжаттардан басқа, өзінің біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер мен

құжаттарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген бөліп шығарған заңды тұлғаның лицензияны бөлініп шыққан заңды тұлғаға қайта ресімдеуге келіскеңі туралы шешімін ұсынады.

Қайта ұйымдастыру нәтижесінде бөлініп шыққан заңды тұлғаға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу туралы өтінішті өтініш беруші бөліну нысанындағы қайта ұйымдастыру аяқталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде береді.

Лицензиар осы Заңның 33-бабының 3-тармағында, осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген құжаттар ұсынылмаған немесе тиісінше ресімделмеген жағдайда, сондай-ақ өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны осы тармақта көзделген негіз бойынша бастамашылық жасалған қайта ресімдеуден бас тартады.

5. Заңды тұлға-лицензиатты бөліну нысанында қайта ұйымдастыру кезінде онда бар лицензия және (немесе) лицензияға қосымша қайта ұйымдастыру нәтижесінде жаңадан пайда болған осы заңды тұлғаның біліктілік талаптарына сәйкестігі расталған жағдайда, бөліну нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғаның біреуіне қайта ресімделуге жатады.

Бөліну нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғалардың біреуі лицензияны осы тармақта көзделген негіз бойынша қайта ресімдеуге өтініш беруші болып табылады.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны бөліну нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғалардың біреуіне қайта ресімдеу үшін өтініш беруші осы Заңның 33-бабының 3-тармағында көзделген құжаттардан басқа, өзінің біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер мен құжаттарды ұсынады.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны бөліну нәтижесінде жаңадан пайда болған заңды тұлғалардың біреуіне қайта ресімдеу туралы өтінішті өтініш беруші бөліну нысанында қайта ұйымдастыру аяқталған кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде береді.

Лицензиар мынадай:

- 1) осы Заңның 33-бабының 3-тармағында және осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген құжаттар ұсынылмаған немесе тиісінше ресімделмеген;
- 2) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;
- 3) егер лицензия және (немесе) лицензияға қосымша заңды тұлғаларды-лицензиаттарды бөлу нәтижесінде жаңадан пайда болғандардың ішіндегі басқа заңды тұлғаға бұрын қайта ресімделген жағдайда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны осы тармақта көзделген негіз бойынша бастамашылық жасалған қайта ресімдеуден бас тартады.

5-1. Айналдыру нысанында банкті ислам банкіне ерікті түрде қайта ұйымдастыру кезінде:

банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензияның қолданылуы оған ислам банкінің банк және өзге де операцияларын жүргізуге лицензия берген кезден бастап тоқтатылады;

лицензиар бағалық қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензияны осы Заның 33-бабының 3 және 4-тармақтарында айқындалған тәртіппен, тиісті құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей ислам банкіне қайта ресімдейді.

6. Лицензиар өтініш берушінің осы баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген негіздер бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге құжаттарын алған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндettі.

Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі анықталған жағдайда лицензиар көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан уәжді түрде бас тартады.

7. Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларында белгіленген жағдайларда өтініш берушінің Нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан мемлекеттік органдардың келісімдерін (ілеспе рұқсаттарын) алу үшін лицензиар өтініш берушінің осы баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген негіздер бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған құжаттарын тіркеген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушінің қызметті жүзеге асыру орны бойынша тиісті мемлекеттік органдарға сауал жібереді.

Мемлекеттік органдар лицензиардың сауалы негізінде он жұмыс күні ішінде тиісті лицензиарға өтініш берушінің қойылатын талаптарға сәйкес келетіні немесе сәйкес келмейтіні туралы жауп жібереді.

Нормативтік құқықтық актілерде осы баптың 6-тармағының бірінші бөлігінде, осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген жағдайлар үшін өзге де мерзімдер белгіленуі мүмкін.

8. Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін тиісті лицензиарға немесе Мемлекеттік корпорацияға ұсынылған барлық құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның көшірмесі көрсетілген органның құжаттарды қабылдаған күні туралы белгі қойылып, өтініш берушіге жіберіледі (тапсырылады). Бұл ретте тізімдемені өтініш беруші жасайды.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда өтініш берілген жағдайда, рұқсат беру органының уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәланырылған құжат өтініштің қабылданғандығын раставу болып табылады.

9. Осы баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген негіздер бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны лицензиар осы баптың 4 және 5-тармақтарында көзделген негіздер бойынша осы баптың 4-тармағының үшінші бөлігінде және 5-тармағының үшінші бөлігінде белгіленген тиісті құжаттармен қоса өтініш берілген күннен бастап, отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей қайта ресімделетін атом энергиясын пайдалану, қаржы саласындағы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет, экспорттық бақылауға жататын өнімнің импорты және экспорты, білім беру, мұнай және газ саласындағы лицензияларды және (немесе) лицензияға қосымшаларды қоспағанда, он бес жұмыс күнінен кешіктірмей қайта ресімдейді.

10. Лицензиарлар қайта ресімделген лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны осы бапта белгіленген мерзім ішінде беруге не оларды қайта ресімдеуден уәжді түрде бас тартуға міндетті.

Ескерту. 34-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз); 17.11.2015 № 408-V (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 422-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

35-бап. Лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданысын тоқтату

1. Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша мынадай жағдайларда:

- 1) берілген мерзімі өткенде;
- 2) жүзеге асырылуы үшін берілген әрекеттер (операциялар) толық көлемде жасалғанда;
- 3) лицензиядан және (немесе) лицензияға қосымшадан айырғанда (оларды қайтарып алғанда);
- 4) жеке тұлғаның қызметі тоқтатылғанда, заңды тұлға таратылғанда;

5) лицензиат лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданысын тоқтату туралы ерікті түрде лицензиарға өтініш жасағанда;

6) осы Занға 1-қосымшадан лицензия немесе жекелеген қызмет түрі және (немесе) қызметтің кіші түрі немесе әрекет (операция) алып тасталғанда;

7) лицензиат лицензиялануға жататын тұлғалар қатарынан алып тасталғанда;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда өзінің қолданысын тоқтатады.

2. Осы балтың 1-тармағының 6) және 7) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданысы тоқтатылған немесе лицензия электрондық нысанда ғана ресімделген жағдайларды қоспағанда, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданысы тоқтатылған кезде лицензиат лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны он жұмыс күні ішінде лицензиарға қайтаруға міндетті.

3. Осы балтың 1-тармағының 6) және 7) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның қолданысы тоқтатылған кезден бастап, лицензиаттар жүзеге асыруға қолданысы тоқтатылған лицензия және (немесе) лицензияға қосымша берілген қызмет түрлерін (кіші түрлерін) немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыруға құқылы емес.

36-бап. Жекелеген қызмет түрлерін лицензиялаудың ерекше шарттары

1. Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензияларды және (немесе) лицензияларға қосымшаларды беру, қайта ресімдеу,

беруден бас тарту, олардың қолданысын тоқтата тұру, тоқтату тәртібін, мерзімдері мен шарттарын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейді.

2. Ойын бизнесі саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензиялар беру шарттары мен тәртібі "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады.

3. Алып тасталды - ҚР 07.04.2016 № 487-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензия берудің ерекше шарттары "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен айқындалады.

Лицензияға қосымшада лицензия берудің ерекше шарттары ретінде "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес лицензиат санаты көрсетіледі.

5. Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметпен айналысу құқығына лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны берудің ерекше шарттары "Атом энергиясын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалады.

Лицензияға қосымшада лицензияны берудің ерекше шарттары ретінде лицензиат жұмыс жүргізетін аспаптар, қондырғылар, материалдар, заттар, қалдықтар түрі көрсетіледі.

Ескерту. 36-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 12.01.2016 № 443-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ; 07.04.2016 № 487-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

37-бап. Экспорт және импорт саласындағы лицензиялау туралы жалпы ережелер

1. Экспорты және (немесе) импорты лицензиялануға жататын тауарлардың тізбесін Кеден одағының тиісті органдың шешімімен бекітілген, үшінші елдермен саудада Кеден одағына мүші мемлекеттердің әкелуіне немесе әкетуіне тыйым салу немесе шектеу қолданылатын тауарлардың бірыңғай тізбесі негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Тауарлардың экспорттың және (немесе) импорттың лицензиялаудың орындалу үшін осы шектеулер енгізілген мақсаттарға қарағанда тауарлардың экспорттың немесе импорттың көбірек шектеу немесе бұрмалай әсері болмауға тиіс.

Экспортқа және (немесе) импортқа лицензиялар және рұқсаттар беру тәртібі мен шарттары халықаралық шарттарға сәйкес белгіленеді.

2. Экспорттық бақылауға жататын, экспортты немесе импорты лицензиялануға жататын өнімнің тізбесін халықаралық экспорттық бақылау режимдеріне сәйкес және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында экспорттық бақылауға жататын өнімдер номенклатуrasesы (тізімі) негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Экспорттық бақылауға жататын өнімнің импорты мен экспортты саласындағы лицензиялар және (немесе) лицензияға қосымшалар лицензия осындай растауды алғаннан кейін берілетін импорттаушы

елдің түпкі пайдалануышы сертификатының түпнұсқалығы тексерілгендігін растауды алу қажеттігі жағдайын қоспағанда, отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

3. Лицензия Сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес жіктелетін, оларға қатысты лицензиялау енгізілген, экспорттық бақылауға жататын әрбір тауарға немесе өнімге беріледі.

Лицензиар лицензиялардың мынадай түрлерін береді:

1) Кеден одағына мүше мемлекеттің шешімі негізінде сыртқы сауда қызметіне қатысушыға берілетін және лицензияда айқындалған санымен жекелеген тауар түрінің экспортына және (немесе) импортына құқық беретін бас лицензия;

2) сыртқы сауда қызметіне қатысушыға жекелеген тауар түрінің экспортына және (немесе) импортына айрықша құқық беретін айрықша лицензия;

3) сыртқы сауда шарты (келісімшарты) негізінде сыртқы сауда қызметіне қатысушыға берілетін және белгілі бір санымен лицензияланатын тауардың экспортына және (немесе) импортына құқық беретін біржолғы лицензия.

Тауарлардың экспортына және (немесе) импортына бас және айрықша лицензиялар беруді лицензиар Кеден одағының тиісті органдының шешімінде көзделген жағдайларда жүзеге асырады.

Экспорттық бақылауға жататын өнімнің экспортына және (немесе) импортына бас және айрықша лицензиялар берілмейді.

4. Бас және айрықша лицензиялар алған лицензиаттар тоқсан сайын есептік тоқсаннан кейінгі айдың он бесінші күніне дейін экспорт пен импорт саласындағы уәкілетті органдарға лицензияның орындалу барысы туралы есеп ұсынуға міндетті.

Біржолғы лицензиялар алған лицензиаттар лицензияның қолданылу мерзімі өткен соң күнтізбелік он бес күн ішінде экспорт және импорт саласындағы уәкілетті органдарға лицензияның орындалу туралы ақпарат беруге міндетті.

5. Біржолғы лицензияның қолданылу кезеңі оның қолданыла бастаған күнінен бастап бір жылдан аспауға тиіс. Біржолғы лицензияның қолданылу мерзімі сыртқы сауда шартының (келісімшартының) қолданылу мерзімімен немесе лицензияны беруге негіз болып табылған құжаттың қолданылу мерзімімен шектелуі мүмкін.

Сан жағынан шектеулер енгізілген тауарлар үшін лицензияның қолданылу кезеңі квота белгіленген күнтізбелік жылда аяқталады.

Егер Кеден одағының тиісті органдының шешімінде өзгеше жазылмаса, тауарлардың экспортына және (немесе) импортына арналған бас лицензияның қолданылу мерзімі ол қолданыла бастаған күннен

бастап бір жылдан аспауға тиіс, ал сан жағынан шектеулер енгізілген тауарлар үшін - квота белгіленген күнтізбелік жылда аяқталады.

Айрықша лицензияның қолданылу мерзімі әрбір нақты жағдайда Кеден одағының тиісті органының шешімімен белгіленеді.

6. Экспортқа және импортқа арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру немесе тоқтату тәртібін Кеден одағының тиісті органы белгілейді.

6-тарау. РҮҚСАТ БЕРУ РӘСІМДЕРІ

38-бап. Екінші санаттағы рұқсатты беру ерекшеліктері

1. Екінші санаттағы рұқсаттарды беру үшін қажетті рұқсат беру талаптары мен құжаттар тізбесі нормативтік құқықтық актілерде айқындалады.

Бұл ретте тізбеде ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерден және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда өтініш беруші беретін мәліметтер нысанынан алынуы мүмкін құжаттар қамтылмауға тиіс.

2. Рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру қағидалары және осы Заңда рұқсат беру тәртібі көзделген қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру қағидалары нормативтік құқықтық актілерде бекітіледі.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз).

39-бап. Екінші санаттағы рұқсатты беру туралы өтініштерді қарau мерзімдері

Екінші санаттағы рұқсат нормативтік құқықтық актілерде белгіленген мерзімде беріледі. Екінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті орган белгіленген мерзім ішінде екінші санаттағы рұқсатты беруге не оны беруден уәжді түрде бас тартуға міндettі.

Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараңыз).

40-бап. Рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру кезінде алынатын алымдар немесе төлемдер

Рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру кезінде алынатын алымдардың немесе төлемдердің мөлшері, оларды есептеу мен төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

41-бап. Екінші санаттағы рұқсатты беруден бас тарту

1. Екінші санаттағы рұқсатты беруден бас тарту Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

2. Өтініш берушіге екінші санаттағы рұқсатты беруден уәжді түрде бас тартуды екінші санаттағы рұқсатты беруге уәкілетті орган екінші санаттағы рұқсатты беру үшін белгіленген мерзімдерде береді.

3. Екінші санаттағы рұқсатты беруден уәжді түрде бас тарту жазбаша түрде, оның ішінде электрондық құжат түрінде немесе қағаз жеткізгіште беріледі.

Ескерту. 41-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қарағыз); 06.04.2016 № 484-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

42-бап. Екінші санаттағы рұқсаттың қолданысын тоқтату

Екінші санаттағы рұқсат нормативтік құқықтық актілерде айқындалатын жағдайларда және тәртіппен өз қолданысын тоқтатады.

Бұл ретте екінші санаттағы рұқсаттардан айыру (оларды қайтарып алу) осы Заңның 45-бабының 5-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қарағыз).

7-тaraу. Рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның телнұсқаларын беру, қателерін тузыту және қолданысын тоқтататын түрү, қайта бастау және одан айыру (оны қайтарып алу)

43-бап. Рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның телнұсқаларын беру, сондай-ақ электрондық форматқа көшіру

1. Қағаз нысанында берілген рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша жоғалған, бүлінген кезде лицензиаттың немесе екінші санаттағы рұқсатты иеленушінің рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның телнұсқаларын алуға құқығы бар.

2. Егер рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша қағаз нысанында берілген болса, лицензиат немесе екінші санаттағы рұқсатты иеленуші өтініші бойынша оларды электрондық форматқа көшіруге және рұқсаттың электрондық нысанын алуға құқылы.

Осы тармақтың күші тек қағаз нысанындағанда берілетін рұқсаттарға қолданылмайды.

3. Рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның жоғалған, бүлінген бланкілері рұқсат беру органы оның жоғалғаны немесе бүлінгені туралы өтінішті алған күннен бастап жарамсыз болып есептеледі.

4. Рұқсат беру органы өтініш берілген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның он жақтағы жоғарғы бұрышында "телнұсқа" деген жазуымен және олардың алғаш берілген күні мен қайта ресімделген күнін көрсете отырып, рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның телнұсқаларын береді.

44-бап. Берілген рұқсаттардағы және (немесе) рұқсаттарға қосымшалардағы қателерді тузыту

Берілген рұқсатта және (немесе) рұқсатқа қосымшада қателер анықталған жағдайда, лицензиат немесе екінші санаттағы рұқсатты иеленуші оларды түзету туралы еркін нысанда өтініш беруге құқылы.

Рұқсат беру органы өтініш беруші тиісті өтінішті берген күннен бастап екі жұмыс күні ішінде рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне қажетті өзгерістерді енгізеді және тиісті түзетулері бар рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны береді.

45-бап. Рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысын тоқтата тұру, қайта бастау, одан айыру (оны қайтарып алу)

1. Рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысын тоқтата тұру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және негіздер бойынша жүзеге асырылады.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, жүзеге асыру үшін берілген, қолданысы тоқтатыла тұрған рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша жекелеген қызмет түрлерін (кіші түрлерін) немесе әрекеттерді (операцияларды) лицензиаттардың немесе екінши санаттағы рұқсатты иеленушілердің жүзеге асыруына жол берілмейді.

3. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтар жойылған кезде лицензиат немесе екінши санаттағы рұқсатты иеленуші рұқсаттың және (немесе) оған қосымшаның қолданысын тоқтата тұру мерзімі өткенге дейін рұқсат беру органына растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, бұзушылықтардың жойылғаны туралы өтініш беруге құқылы.

Рұқсат беру органы өтініш берушінің бұзушылықтардың жойылғаны туралы өтініш берген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде осы Заңның

51-бабы 2-тармағында көзделген тәртіппен бұзушылықтардың жойылғанын тексереді.

Өтініш берушінің бұзушылықтарды жойған фактісі расталған жағдайда, рұқсат беру органы осы тармақтың екінши бөлігінде көрсетілген мерзімде рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысын қайта бастау туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте рұқсаттың және (немесе) рұқсатқа қосымшаның қолданысы осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген шешім қабылданған кезден бастап қайта басталады.

4. Лицензиат немесе екінши санаттағы рұқсатты иеленуші тоқтата тұру мерзімі өткенге дейін рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны тоқтата тұру үшін негіз болған бұзушылықтардың жойылғаны туралы өтінішті бермеген жағдайда, рұқсат беру органдары тоқтата тұру мерзімі өткен кезден бастап он жұмыс күні ішінде рұқсаттан және (немесе) рұқсатқа қосымшадан айыру (оны қайтарып алу) рәсіміне бастамашылық жасайды.

Рұқсаттан және (немесе) оған қосымшадан айыру (оны қайтарып алу) туралы мәселені қарая процесінде лицензиат немесе екінши санаттағы рұқсатты иеленуші бұзушылықтың жойылған фактісін дәлелдеуге құқылы. Бұл жағдайда рұқсат беру органы осы баптың 3-тармағының екінши және үшінші бөліктерін басшылыққа алуға тиіс.

5. Рұқсаттан айыру (оны қайтарып алу) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен және (немесе) негіздер бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 45-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Занымен.

8-тарау. ХАБАРЛАМА ЖАСАУ ТӘРТІБІ

46-бап. Хабарлама жасау тәртібі

1. Хабарламалардың толық тізбесі осы Заңға 3-қосымшада көзделеді.

2. Өтініш берушілер рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға хабарламаларды жібереді.

3. Нормативтік құқықтық актілерде көзделген жағдайларда мәліметтер нысанын ұсыну арқылы өтініш берушілер хабарлама жасау тәртібі енгізілген қызметті немесе әрекеттерді жүзеге асыруға нормативтік құқықтық актілерде қойылатын талаптарға өздерінің сәйкестігін мәлімдейді.

4. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, өтініш беруші тиісті хабарлама жіберілгеннен кейін қызметті немесе белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыруға бірден кірісуге құқылы немесе оларды тоқтатуға міндettі.

Жекелеген қызмет түрлерінің немесе әрекеттердің ерекшеліктері ескеріле отырып, жекелеген жағдайларда Қазақстан Республикасының заңдарында хабарламаны жіберу мерзімдері белгіленуі мүмкін .

5. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда қажетті құжаттар хабарламаға қоса беріледі, бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстардан алынуы мүмкін құжаттарды және өзге де ақпаратты өтініш берушілерден талап етуге тыым салынады.

Хабарламада және (немесе) хабарламаға қоса берілетін құжаттарда қамтылған мәліметтердің анықтығы үшін өтініш беруші жауапты болады.

6. Қызметтің нақты түріне немесе әрекетке қатысты рұқсат беру тәртібінің орнына хабарлама жасау тәртібі енгізілген кезде, хабарлама жасау тәртібін енгізу кезінде қызметтің осы түріне немесе әрекетке арналған жарамды рұқсаты болған жеке және заңды тұлғалар хабарламаны жіберген болып есептеледі және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне автоматты түрде енгізіледі.

7. Жеке тұлғаның заңды мекенжайы, заңды тұлғаның орналасқан жері, хабарламада көрсетілген қызметті немесе әрекеттерді жүзеге асыру мекенжайы, сондай-ақ, олар туралы ақпарат хабарламада толтыру үшін міндettі болып табылатын тіркеу деректері өзгерген жағдайда, өтініш беруші өзгеріс болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы бапта белгіленген тәртіппен көрсетілген өзгерістер туралы хабарлама жіберуге міндettі.

Ескерту. 46-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V Занымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараныз).

47-бап. Хабарлама жіберілгенін раставу

Өтініш берушілердің өтініштері бойынша хабарламаны қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар өтініш жасалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушілерге рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен өтініш берушілердің жіберген хабарламалары туралы үзінді көшірмелер береді.

Мемлекеттік органдар мен үшінші тұлғалар өтініш берушінің хабарламаны жібергенін растауды хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардан немесе рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен алады.

9-тaraу. Лицензиялауды, Рұқсат беру рәсімдерін және хабарламалар жасауды электрондық нысанда жүзеге асыру

Ескерту. 9-тaraудың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

48-бап. Лицензиялауды, рұқсат беру рәсімдерін және хабарламалар жасауды электрондық нысанда жүзеге асыру

1. Лицензиялау және хабарламаларды жіберу рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімі пайдаланыла отырып, электрондық нысанда жүзеге асырылады.

Рұқсат беру рәсімдері рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімі пайдаланыла отырып, осы Заңының 52-бабы З-тармағының ережелері ескеріліп, электрондық нысанда жүзеге асырылады.

Электрондық құжат нысанында берілген рұқсаттардың қағаз жеткізгіштегі рұқсаттармен мәні бірдей.

Рұқсат беру органдары қағаз нысанында жүзеге асырылған рұқсат беру рәсімдері туралы ақпаратты рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне рұқсат беру рәсімін жүзеге асырумен бір мезгілде енгізуге міндettі.

Осы тармақтың төртінші бөлігінде белгіленген талаптардың орындалмағаны үшін рұқсат беру органы жауапты болады.

Осы тармақтың күші автоматтандыруға жатпайтын рұқсаттарға қолданылмайды.

2. Қаржы саласындағы және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметке берілетін рұқсаттарды қоспағанда, Мемлекеттік корпорация арқылы рұқсат алу үшін өтініш беруші орналасқан жеріне қарамастан Мемлекеттік корпорацияға өтініш жасауға құқылы.

3. Өтініш беруші Мемлекеттік корпорация арқылы рұқсат беру рәсімінен өту үшін өтініш жасаған жағдайда - Мемлекеттік корпорацияның қызметкері электрондық өтінішті немесе өзге де осыған үқсас құжатты өзінің қызмет бабында пайдалану үшін берілген электрондық цифрлық

қолтаңбасымен куәландырады. Мұндай куәландыру өтініш берушінің жазбаша келісімі негізінде жүзеге асырылады.

4. Өтініш беруші рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны қағаз жеткізгіште алуға өтініш жасаған жағдайда, рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады және рұқсат беру органының мөрімен және рұқсат беру органы басшысының қолымен куәландырылады.

5. Рұқсатты және (немесе) рұқсатқа қосымшаны электрондық нысанда беру мүмкіндігі болмаған жағдайда, рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша қағаз жеткізгіште беріледі.

6. Өтініш рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда берілген жағдайда, лицензиар және екінші санаттағы рұқсатты беруге уәкілетті орган өтінішті тіркеуді бір жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Ескерту. 48-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 17.11.2015 № 408-V Заңымен (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

49-бап. Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімі

1. Рұқсат беру органдары рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін тұрақты негізде жүргізеді.

Хабарламалар бойынша рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар жүргізеді.

2. Мемлекеттік органдар өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін рұқсаттар мен хабарламалар туралы ақпаратты рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен, көрсетілген ақпаратты растауды жеке және заңды тұлғалардан қосымша талап етпестен алуға міндettі.

3. Мемлекеттік электрондық рұқсаттар мен хабарламалар тізілімі тәуекелдерді бағалау жүйесі мен тексерулер жүргізу кестесін қалыптастыру үшін негіз болып табылады.

4. Жеке немесе заңды тұлғаның қызметі немесе жекелеген қызмет түрлері немесе әрекеттері (операциялары) тоқтатыла тұрған жағдайда, рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне тиисті мәліметтер енгізіледі.

5. Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінен хабарламаны алып тастау өтініш берушінің өтініші, сottың жеке немесе заңды тұлғаның қызметіне немесе жекелеген қызмет түрлеріне немесе әрекеттеріне тыбым салу туралы шешімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда жүзеге асырылады.

6. Рұқсат беру органдарының және хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу мүмкіндігі үақытша немесе тұрақты болмаған кезеңде олар барлық қажетті тарихи деректердің тіркелуін және сақталуын қамтамасыз етуге және осында мүмкіндік пайда болғаннан кейін рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін тарихи деректермен толықтыруға міндettі.

Ескерту. 49-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.03.2016 № 479-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-тарау. ЖАУАПТЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

50-бап. Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын бұзған Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта әкеп соғады.

51-бап. Хабарламалар бойынша бақылау және рұқсаттық бақылау

1. Рұқсаттық бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

2. Өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгенге дейін рұқсаттық бақылау бақылаудың өзге нысаны тәртібімен тексерілетін тұлғаға бару мүмкіндігі арқылы жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша өтініш берушінің біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкес келетіні немесе сәйкес келмейтіні туралы шешім қабылданады.

Құжаттарды ұсынумен расталмайтын біліктілік және рұқсат беру талаптары, сондай-ақ ұсынылған құжаттардың анықтығы осы тармақта көрсетілген тәртіппен рұқсаттық бақылауға жатады.

3. Лицензиаттардың және екінші санаттағы рұқсаттарды иеленушілердің рұқсат және (немесе) рұқсатқа қосымша берілгеннен кейін (қызметті жүзеге асыру процесінде) Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасын сақтауын рұқсаттық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бақылау және қадағалау қызметін жүзеге асыру процесінде Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қауулыларында немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды өтініш берушінің қызметті жүзеге асыру үшін сақтауын дербес тексереді.

Ескерту. 51-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-баптан қараныз); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер

52-бап. Өтпелі ережелер

1. Осы Заңның 3-бабының 2-тармағында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қолданылған және осы Заңға 1, 2 және 3-қосымшаларда көзделген рұқсаттар мен хабарламалар тізбелеріне енбеген рұқсаттар мен хабарламалардың болуы міндетті

болып табылмайды және осы рұқсаттардың және хабарламалардың қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асыру жеңе немесе заңды тұлғалар үшін жауаптылыққа әкеп соқпайды.

2. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 4-бабының 8-тармағына сәйкес лицензиялануға жатпаған қызмет түрлеріне осы Заң қолданысқа енгізілген кезден бастап, олар осы Заңға 1, 2 және 3-қосымшаларда болған жағдайда, рұқсат беру немесе хабарлама жасау тәртібі жалпы негіздерде қолданылады.

3. Рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімі пайдаланыла отырып, электрондық нысанда мұндай мүмкіндік болған жағдайда жүргізіледі.

Рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі және рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімі пайдаланыла отырып, электрондық нысанда ғана жүргізіледі.

Ақпараттандыру саласындағы үәкілетті орган мен рұқсаттар және хабарламалар саласындағы үәкілетті органның бірлескен бүйрекімен бекітілетін, автоматтандыруға жатпайтын тізбеге енгізілген екінші санаттағы рұқсаттарды қоспағанда, 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінде рұқсаттарды жинау мен сақтауды немесе рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыруды автоматтандыру енгізілмейтін және қамтамасыз етілмейтін екінші санаттағы рұқсаттардың күші жойылуға жатады.

4. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін берілген атом энергиясын пайдалану саласындағы лицензиялар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен кейін алты ай ішінде осы Заңға 1-қосымшаға сәйкес мерзімі шектеулі лицензияларға қайта ресімделуге жатады.

53-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 10-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 20, 89-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 9-10, 47-құжат; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 17, 79, 81, 82-құжаттар; № 18, 84, 85-құжаттар; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 21, 26-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 25-құжат; № 12, 84-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 12, 57-құжат; № 16, 83-құжат).

| | |
|---|--------------|
| Қазақстан Республикасының Президенті | Н. Назарбаев |
|---|--------------|

РҚДО-ның ескертпесі!

1-қосымшаға өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 29.03.2016 № 479-В Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

Бірінші санаттағы рұқсаттардың (лицензиялардың) ТІЗБЕСІ

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР 29.12.2014 № 269-В (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.04.2015 № 311-В (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-В (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 13.11.2015 № 398-В (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 432-В (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-В (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз); 09.04.2016 № 496-В (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 502-В (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) ; 07.04.2016 № 487-В (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

| | | | |
|-------|--|---|----------|
| P\с № | Лицензияның және оны жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етілетін қызмет түрінің атаяу | Оны жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етілетін қызметтің кіши түрінің атаяу | Ескертпе |
| 1 | 2 | 3 | 4 |

Телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметті лицензиялау

| | | |
|--|--|---------------------------------|
| 1. Теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензия | | Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып |
|--|--|---------------------------------|

Мәдениет саласындағы қызметті лицензиялау

| | | |
|--|--|---------------------------------|
| 2. Тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және (немесе) ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия | | Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып |
|--|--|---------------------------------|

Білім беру саласындағы қызметті лицензиялау

| | | |
|----|---|--|
| 3. | <ol style="list-style-type: none"> 1. Діни білім беру бағдарламалары. 2. Бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары. 3. Негізгі орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары . 4. Жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары . 5. Техникалық және кәсіптік | |
|----|---|--|

| | | |
|---|--|---------------------------------|
| Білім беру қызметімен айналысұға лицензия | <p>білімнің білім беру бағдарламалары.</p> <p>6. Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары.</p> <p>7. Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары.</p> <p>8. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары.</p> | Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып |
|---|--|---------------------------------|

Сәулет, қала құрылышы және құрылым саласындағы қызметті лицензиялау

| | | |
|----|---|---------------------------------|
| 4. | <p>Іздестіру қызметіне лицензия</p> <p>1. Инженерлік-геодезиялық жұмыстар, оның ішінде:</p> <p>1) геодезиялық орталықтарды салу және қалау;</p> <p>2) жоспарлы-биіктік түсіру желілерін құру;</p> <p>3) жобалау мен салуға арналған топографиялық жұмыстар (1:10000-нан 1:200-ге дейінгі масштабтағы түсірулер, сондай-ақ жерасты коммуникациялары мен құрылыштарын түсірулер, жердегі желілік құрылыштар мен олардың элементтерін трассалау және түсіру);</p> <p>4) инженерлік-геологиялық əзірлемелерді, геофизикалық және басқа да іздестіру нүктелерін бекіту арқылы нақтыға көшірумен байланысты байланысты геодезиялық жұмыстар.</p> <p>2. Инженерлік-геологиялық және инженерлік-гидрогеологиялық жұмыстар, оның ішінде:</p> <p>1) геофизикалық зерттеулер, шолып байқау және түсіру;</p> <p>2) жер қабаттарын далалық зерттеулер, гидрогеологиялық зерттеулер</p> | Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып |
| | <p>1. Қала құрылышын жобалау (тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстарын қоспағанда, тарихи құрылыш аудандарында қала құрылышын қалпына келтіру үшін жобалау құқығымен) және жоспарлау, оның ішінде:</p> <p>1) жоспарлау құжаттамасын (аумақтарда қала құрылышын жоспарлаудың кешенді схемаларын – аудандық жоспарлау жобаларын, елді мекендердің бас жоспарларын</p> | |

, аудандарды, шағын аудандарды, орамдарды, жекелеген участкерді егжей-тегжейлі жоспарлау жобалары мен салу жобаларын);

2) елді мекендердің (елді мекендер шекараларының шегінде орналасатын көше-жол желілері мен қалаішілік және сыртқы көлік объектілерінің) және қонысаралық аумақтардың (елді мекендердің көше-жол желісінен тысқары орналасатын сыртқы көлік объектілері мен коммуникацияларының) көлік инфрақұрылымын дамыту схемаларын;

3) құрылым салу жүйесінде жылу энергиясын өндіру және тасымалдау объектілерін орналастыра отырып, елді мекендерді жылумен жабдықтау, сондай-ақ қонысаралық аумақтарда орналасатын өндірістік кешендерді жылумен жабдықтау схемаларын;

4) ауыз су және (немесе) техникалық су көздерін орналастыра отырып және су ағызарларды трассалай отырып, елді мекендерді сумен жабдықтау схемаларын, сондай-ақ қонысаралық аумақтарда орналасатын өндірістік кешендерді сумен жабдықтау схемаларын;

5) тұрмыстық, өндірістік және жауын-шашынның сарқынды суларын жинау мен ағызудың орталықтандырылған жүйесін, бас тазартқыш құрылыштарды, сарқынды суларды буландырғыштар мен қайта генерациялау объектілерін орналастыруды қоса алғанда, елді мекендер мен өндірістік кешендердің көріз схемаларын;

6) қонысаралық аумақтарда орналасатын елді мекендер мен өндірістік кешендерді газбен жабдықтау схемаларын;

7) құрылым салу жүйесінде электр энергиясын өндіру және тасымалдау объектілерін орналастыра отырып, елді мекендерді электрмен жабдықтау,

| | |
|-------------------------------|---|
| | <p>сондай-ақ қонысаралық аумақтарда орналасатын өндірістік кешендерді электрмен жабдықтау схемаларын;</p> <p>8) инфрақұрылым объектілері мен ақпарат көздерін орналастыра отырып, елді мекендер үшін телекоммуникация және байланыс схемаларын әзірлеу.</p> <p>2. ғимараттар мен құрылыстар үшін сәулеттік жобалау (тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялау жұмыстарын қоспағанда, сәулеттік-реставрациялау жұмыстары үшін жобалау құқығымен), оның ішінде объектілердің бас жоспарларын, аumaқтың инженерлік дайындығын, жер бедерін көркейтуді және үйімдастыруды</p> <p>3. Құрылыстық жобалау (ғимараттар мен құрылыстарды құрделі жөндеу және (немесе) реконструкциялау үшін жобалау, сондай-ақ төменде аталған жұмыстардың әрқайсысы үшін конструкцияларды нығайту құқығымен) және конструкциялау, оның ішінде:</p> <p>1) негіздер мен іргетастарды;</p> <p>2) бетон және темір-бетон, тас және арматура-тас конструкцияларды;</p> <p>3) металл (болат, алюминий және қорытпа) конструкцияларды.</p> <p>4. Инженерлік жүйелер мен желілерді, оның ішінде:</p> <p>1) жылытудың ішкі жүйелерін (электрмен жылытуды қоса алғанда), желдетуді, кондиционерлеуді, салқын ауамен жабдықтауды, газдандыруды (төмен қысымды газбен жабдықтауды), сондай-ақ олардың қосалқы объектілері бар сыртқы желілерін;</p> <p>2) су құбыры (ыстық және сұық су) мен кәріздің ішкі жүйелерін, сондай-ақ олардың қосалқы объектілері бар сыртқы желілерін ;</p> <p>3) тогы әлсіз құрылғылардың (телефондандырудың, өрттен қорғау дабыл құралының) ішкі жүйелерін, сондай-ақ олардың сыртқы</p> |
| 5. Жобалау қызметіне лицензия | Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып |

- желілерін;
- 4) ішкі және сыртқы электрмен жарықтандыру, 0,4 кВ-ға дейін және 10 кВ-ға дейін электрмен жабдықтау жүйелерін;
 - 5) 35 кВ-ға дейін, 110 кВ-ға дейін және одан жоғары электрмен жабдықтауды;
 - 6) магистральдық мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын, газ құбырларын (орта және жоғары қысымды газбен жабдықтауды) жобалау.
5. Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы, оның ішінде:
- 1) мектепке дейінгі білім беруге, жалпы және арнаулы білім беруге, интернаттарға, кадрлар даярлайтын орындарға, ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту және ойын-сауық мекемелеріне, сауда (дәріханаларды қоса алғанда), денсаулық сақтау (ауруларды емдеу және олардың профилактикасы, оңалту және санаториялық емдеу), қоғамдық тاماқтану мен тұрмыстық қызмет көрсету, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық жаттығулар, демалыс пен туризм кәсіпорындарына, сондай-ақ түрлі қоғамдық мақсаттағы үй-жайлары бар өзге де көп функциялық ғимараттар мен кешендерге арналған;
 - 2) көлік инфрақұрылымына (халықта тікелей қызмет көрсетуге арналған) және коммуналдық шаруашылықта арналған (көлік құралдарына қызмет көрсетуге арналған, сондай-ақ өзге де өндірістік-шаруашылық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыштардан басқа) ғимараттар мен құрылыштарды технологиялық жобалау (құрылымы жобаларының технологиялық бөлігін әзірлеу).
6. Өндірістік мақсаттағы, оның ішінде:
- 1) энергетика өнеркәсібіне арналған;
 - 2) жөніл және тамақ өнеркәсібін қоса алғанда, өндеге өнеркәсібіне арналған;

3) ауыр машина жасауға арналған;
4) медицина, микробиология және фармацевтика өнеркәсібіне арналған;

5) бөгеттер, дамбалар, басқа да гидротехникалық құрылыштарды;

6) мұнара және діңгек үлгісіндегі конструкцияларды;

7) көтергіш-көліктік құрылғылар мен лифтілерге арналған объектілерді технологиялық жобалау (құрылыш жобаларының технологиялық бөлігін әзірлеу).

7. Көлік инфрақұрылымы, байланыс және коммуникация, оның ішінде:

1) автомобиль, электр, теміржол және өзге де рельсті, әуе, су көлігі түрлерін қоса алғанда, қалаишілік және сыртқы көлікке;

2) жергілікті байланыс, радио-, телекоммуникация желілеріне;

3) жалпыреспубликалық және халықаралық байланыс (спутниктік байланысты қоса алғанда) желілеріне және өзге де телекоммуникация түрлеріне қызмет көрсету объектілерін технологиялық жобалау (құрылыш жобаларының технологиялық бөлігін әзірлеу).

8. Мыналарды:

1) теміржол көлігі қатынасы жолдарын;

2) барлық санаттағы автомобиль жолдарын;

3) қалалық электр көлігінің көше-жол желисін;

4) көпірлер мен көпір өткелдерін, оның ішінде көлік эстакадалары мен көп деңгейлі жолайрықтарын қамтитын технологиялық жобалау (көлік құрылышы жобаларының технологиялық бөлігін әзірлеу).

9. Өндөу өнеркәсібі кәсіпорындарын қоспағанда, ауыл шаруашылығы объектілерінің құрылышын технологиялық жобалау (жобалардың технологиялық бөлігін әзірлеу)

1. Жер қабатындағы арнаулы жұмыстар, оның ішінде:

1) іргетас негіздерді орналастыру;

2) жер қабатындағы бұрғылау

жұмыстары;

3) суасты-техникалық жұмыстар мен теңіз қайраңындағы жұмыстар.

2. Объектілерді күрделі жөндеу мен реконструкциялауды, оның ішінде:

- 1) металл конструкцияларды монтаждауды;
- 2) мұнара және діңгек үлгісіндегі құрылым конструкцияларын, тұтін мұржаларын монтаждауды;
- 3) көпірлер мен көпір өткелдерінің тірек конструкцияларын монтаждауды;
- 4) гидротехникалық және селден қорғау құрылымдарын, бөгеттерді, дамбаларды;
- 5) тұтін мұржаларын, күш түсетін құрылымдарды, градирняларды, шахта үстіндегі тоқпақтарды;
- 6) тау-кен ұңғылау және тоннель жұмыстарын, сұзгілеуге қарсы қалқаларды орналастыруды;
- 7) көтергіш құрылымдарын (лифтілердің, эскалаторлардың, шахта тоқпақтары мен көтергіштерінің, аспалы жолдар мен көтергіш құрылымдарын басқа да конструкцияларын) құрылым конструкцияларын монтаждауды;
- 8) монолитті конструкцияларды орналастыру, сондай-ақ құрамабетон және темір-бетон конструкцияларын монтаждауды, қабырғалар мен аралық қабырғалардың жеке элементтерін қалауды және ойықтарды толтыруды ;
- 9) шатыр жабу жұмыстарын қамтитын ғимараттар мен құрылымдарын (оның ішінде көпірлердің, көлік әстакадаларының, тоннельдер мен жол өткізгілерінің, өзге де жасанды құрылымдарын) тірек және (немесе) қоршау конструкцияларын салу.

3. Күрделі жөндеу мен реконструкциялауды қамтитын желілік құрылымдары, оның ішінде:

- 1) қысыммен жұмыс істейтін не жарылу-өрт қаупі бар немесе өзге

| | | |
|----|---|----------|
| | <p>де қауіпті (зиянды) сұйық немесе газ тектес заттарды сақтауға арналған болат резервуарларды (ыдыстарды);</p> <p>2) мұнай құбырларының, газ құбырларының кәсіпшілік және магистральдық желілерін, сондай-ақ мұнай өнімдері құбырларының магистральдық желілерін;</p> <p>3) кернеуі 35 кВ-ға дейінгі және 110 кВ-ға дейінгі және одан жоғары кернеулі электр беру магистральдық желілерін;</p> <p>4) жалпыреспубликалық және халықаралық байланыс және телекоммуникация желілерін салу бойынша арнаулы құрылымдарды және монтаж жұмыстары.</p> <p>4. Күрделі жөндеу мен реконструкциялауды, оның ішінде:</p> <p>1) теміржол қатынасы жолдарын электрмен жабдықтау желілерін, әуе көлігі кәсіпорындарын электрмен жабдықтау және электрмен жарықтандыру желілерін ;</p> <p>2) газбен жабдықтаудың жоғары және орташа қысымды, тұрмыстық және өндірістік газбен жабдықтаудың төмен қысымды желілерін, газбен жабдықтаудың ішкі жүйелерін;</p> <p>3) суық және ыстық сумен жабдықтау, жылумен жабдықтау желілерін, тұрмыстық, өндірістік және жауын-шашынның сарқынды суларының орталықтандырылған көрізін, су құбырының, жылу беру мен көріздің ішкі жүйелерінің құрылғысын;</p> <p>4) электрмен жабдықтау желілерін және сыртқы электрмен жарықтандыру құрылғысын, электрмен жарықтандырудың және электрмен жылтырудың ішкі желілерін қамтитын инженерлік желілер мен жүйелерді орналастыру.</p> <p>5. Күрделі жөндеу мен реконструкциялауды қамтитын автомобиль және теміржол құрылыштарын, оның ішінде:</p> <p>1) темір жолдарға арналған</p> | Иеліктен |
| 6. | Құрылым-монтаж жұмыстарына лицензия | |

| | | |
|--|---|--------------------------------------|
| | <p>негіздерді және оның беткі құрылыштарын;</p> <p>2) I және II техникалық санаттағы автомобиль жолдарының, сондай-ақ жүрдек және реттелетін қозғалыстың қалаішілік магистральдық жолдарының, үздіксіз және реттелетін қозғалыстың жалпықалалық маңызы бар магистральдық көшелерінің көлік жүретін бөлігінің негіздері мен жабындыларын, қорғаныш құрылыштары мен оларды жайластыруды;</p> <p>3) III, IV және V техникалық санаттағы автомобиль жолдарының, сондай-ақ магистральдық болып табылмайтын елді мекендер көшелерінің көлік жүретін бөлігінің негіздері мен жабындыларын, қорғаныш құрылыштары мен оларды жайластыруды;</p> <p>4) аэродромдардың ұшу-қону жолақтары мен тікұшақ аландарының негіздері мен жабындыларын салу.</p> <p>6. Мыналарға:</p> <p>1) гидротехникалық және мелиоративтік құрылыштарға;</p> <p>2) құрылым материалдарын, бұйымдар мен конструкцияларды өндіруге;</p> <p>3) театр-ойын-сауық, білім беру, спорт мақсатындағы объектілерге;</p> <p>4) байланысқа, авариядан қорғауға, бақылау және дабыл жүйесіне, көлікте, электр энергетикасы және сумен жабдықтау объектілерінде, тіршілікті қамтамасыз ететін өзге де объектілерде оқшаулауға, сондай-ақ өндірістік мақсаттағы есепке алу және бақылау аспаптарына байланысты технологиялық жабдықты монтаждау, іске қосу-ондау жұмыстары.</p> | <p>шығарылмайтын;</p> <p>1-сынып</p> |
|--|---|--------------------------------------|

7. Алып тасталды - ҚР 07.04.2016 № 487-В (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Мұнай және газ саласындағы қызметті лицензиялау

| | |
|--|---|
| | <p>1. Мұнайды, газды, мұнай-газ конденсатын өндіру</p> <p>2. Көмірсутекті шикізат кен</p> |
|--|---|

| | | |
|----|--|--|
| | <p>орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу (кәсіпшілік зерттеулер, сейсмикалық барлау жұмыстары; геофизикалық жұмыстар).</p> <p>3. Мұнай; газ; газ конденсаты; айдама ұнғымаларындағы атқылау-жару жұмыстары.</p> <p>4. Құрлықтағы; теңіздегі; ішкі су айданарындағы көмірсутекті шикізат кен орындарында ұнғымаларды бұрғылау.</p> <p>5. Кен орындарында ұнғымаларды жерасты жөндеу (ағымдағы; күрделі).</p> <p>6. Көмірсутекті шикізат кен орындарында ұнғымаларды цементтеу; сынау; игеру; сынаудан өткізу.</p> <p>7. Көмірсутекті шикізат кен орындарында ұнғымаларды консервациялау; жою.</p> <p>8. Мұнай қабаттарының мұнай беруін арттыру және ұнғымалардың өнімділігін ұлғайту.</p> <p>9. Құрлықтағы; теңіздегі көмірсутекті шикізат кен орындарында мұнайдың төгілуін болғызбау және жою жөніндегі жұмыстар.</p> <p>10. Мұнай-химия өндірістерін жобалау (технологиялық) және (немесе) пайдалану.</p> <p>11. Көмірсутекті шикізат кен орындарына арналған жобалардың жобалық құжаттарын; технологиялық регламенттерін; техникалық-экономикалық негізdemесін жасау.</p> <p>12. Магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалану.</p> | <p>Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып</p> |
| 8. | Өнеркәсіп саласындағы қызметті лицензиялау | |

| | | |
|--|---|--|
| <p>Тау-кен және химия өндірістерін пайдалану</p> | <p>1. Қатты пайдалы қазбаларды (кен таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда) өндіру.</p> <p>2. Қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашық және жерасты тәсілдерімен ашу және әзірлеу.</p> <p>3. Кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу.</p> <p>4. Пайдалы қазбаларды өндіру үшін жару жұмыстарын жүргізу.</p> <p>5. Кеништер мен шахталарды жабу</p> | <p>Иеліктен шығарылмайтын; лицензия беру кезінде осы Заңың 25-бабы З-тармағы</p> |
|--|---|--|

| | | | |
|----|--|---|--|
| | 9. жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия | жөніндегі жою жұмыстары 6. Ұнғымаларды жерасты және күрделі жөндеу, жабдықты және агрегаттарды бөлшектеу, ұнғымалар көтергішін орнату. 7. Ұнғымаларды жөндеуден кейін сынау. 8. Ұнғымаларды шаю, цементтеу, сынаудан өткізу және игеру. 9. Химиялық өндірістерді пайдалану. | бірінші бөлігінің және 26-бабының 1, 2-тармақтарының күші қолданылмайды; 1-сынып |
| 10 | Алып тасталды - ҚР 29.03.2016 № 479-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жыларда бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). | | |
| 11 | Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия | | Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып |

Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қызметті лицензиялау

| | | | |
|--|--|--|---------------------------------|
| | 12 Байланыс саласында қызметтер көрсетуге лицензия | 1. Қалааралық телефон байланысы 2. Халықаралық телефон байланысы 3. Спутниктік жылжымалы байланыс 4. Ұялы байланыс (стандарт атауын көрсете отырып) | Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып |
|--|--|--|---------------------------------|

Есірткінің, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті лицензиялау

| | | | |
|--|---|--|---|
| | 13 Есірткі, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензия | 1. Есірткі заттарын әзірлеу, өндіру, өндеу, тасымалдау, жөнелту, сатып алу, сақтау, тарату, өткізу, пайдалану, жою 2. Психотроптық заттар мен прекурсорларды өндіру 3. Психотроптық заттар мен прекурсорларды әзірлеу, өндіру, тасымалдау, жөнелту, сатып алу, сақтау, тарату, өткізу, пайдалану, жою 4. Құрамында есірткі заттары бар өсімдіктер мен шөптерді өсіру, жинау, дайындау | Иеліктен шығарылмайтын; қолданылу мерзімі - 5 жыл; лицензия беру кезінде осы Заңың 25-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің және 26-бабы 1, 2-тармақтарының күші қолданылмайды; 1-сынып Иеліктен шығарылмайтын; қолданылу мерзімі - 5 жыл; 1-сынып Иеліктен шығарылмайтын; қолданылу мерзімі - 5 жыл; лицензия беру кезінде осы Заңың 25-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің және 26-бабы 1, 2- |
|--|---|--|---|

| | | |
|--|--|--|
| | | тармақтарының күші қолданылмайды; 1-сынып |
| | 5. Құрамында психотроптық заттар бар өсімдіктерді және шөптерді өсіру, жинау, дайындау | Иеліктен шығарылмайтын; қолданылу мерзімі - 5 жыл; 1-сынып |
| | 6. Денсаулық сақтау саласындағы есірткінің, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты қызметке | Иеліктен шығарылмайтын; қолданылу мерзімі - 5 жыл; 1-сынып |

14 Алып тасталды - ҚР 29.03.2016 № 479-В Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен . кейін күнтізбелік жырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Денсаулық сақтау саласындағы қызметті лицензиялау

| | | |
|--|---|--|
| | 1. Жедел медициналық көмек және/ немесе санитариялық авиация 2. Ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша амбулаториялық емханалық көмек: алғашқы медициналық-санитариялық көмек: дәрігерге дейінгі, білікті көмек ; консультациялық диагностикалық көмек: диагностика: радиоизотоптық, рентгенологиялық , ультрадыбыстық, функционалдық, эндоскопиялық; зертханалық диагностика: бактериологиялық, биохимиялық, иммунологиялық зерттеулер, адамның иммун тапшылығы вирусының зертханалық диагностикасы (АІТВ-диагностикасы), жалпы клиникалық, серологиялық, цитологиялық зерттеулер; акушерлік және гинекология; педиатрия; неонатология; инфекциялық аурулар; терапия; невропатология; кардиология; ревматология; гастроэнтерология; нефрология; пульмонология; эндокринология; аллергология және иммунология; гематология; кәсіптік патология; жалпы дәрігерлік практика; жалпы хирургия: торакалдық, абдоминалдық, колопроктология; трансплантомология; кардиохирургия ; ангиохирургия; пластикалық хирургия; жақ-бет сүйегі; нейрохирургия; оториноларингология; | |
|--|---|--|

| | | |
|----|---|----------|
| | <p>офтальмология; трансфузиология; урология; травматология-ортопедия; анестезиология және реаниматология; дерматовенерология (дерматокосметология) психиатрия: наркология, психотерапия, сексопатология, медициналық психология; фтизиатрия; онкология; стоматология; дәстүрлі медицина: гомеопатия, гирудотерапия, мануалдық терапия, рефлекстік терапия, фитотерапия және табиғатта жаралған заттармен емдеу; медициналық реабилитология, қалпына келтіретін емдеу: физиотерапия, массаж, емдік дene шынықтыру, курортология; медициналық генетика; сәуле терапиясы; спорт медицинасы.</p> <p>3. Ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша стационарлық көмек және (немесе) стационарды алмастыратын көмек: диагностика: радиоизотоптық, рентгенологиялық, ультрадыбыстық, функционалдық, эндоскопиялық; патологиялық анатомия; зертханалық диагностика: бактериологиялық, биохимиялық, иммунологиялық зерттеулер, адамның иммун тапшылығы вирусының зертханалық диагностикасы (АИТВ-диагностикасы), жалпы клиникалық, серологиялық, цитологиялық зерттеулер; акушерлік және гинекология; педиатрия; неонатология; инфекциялық аурулар; терапия; невропатология; кардиология; ревматология; гастроэнтерология; нефрология; пульмонология; эндокринология; аллергология және иммунология; гематология; кәсіптік патология; жалпы дәрігерлік практика; жалпы хирургия: торакалдық, абдоминалдық, колопроктология; трансплантомология; кардиохирургия; ангиохирургия; пластикалық хирургия; жақ-бет сүйегі;</p> | Иеліктен |
| 15 | Медициналық қызметке лицензия | |

| | | | |
|--|---|--|--|
| | <p>нейрохирургия; оториноларингология; офтальмология; трансфузиология; урология; травматология-ортопедия; аестезиология және реаниматология; дерматовенерология (дерматокосметология) психиатрия: наркология, психотерапия, сексопатология, медициналық психология; фтизиатрия; онкология; стоматология; дәстүрлі медицина: гомеопатия, гирудотерапия, мануалдық терапия , рефлексотерапия, фитотерапия және табиғатта жаралған заттармен емдеу; медициналық реабилитология, қалпына келтіретін емдеу: физиотерапия, массаж, емдік дene шынықтыру, курортология; спорт медицинасы; токсикология; перфузиология; сәуле терапиясы.</p> <p>4. Қан мен оның құрауыштарын дайындау, консервациялау, қайта өндіеу, сақтау және өткізу</p> <p>5. Алып тасталды - ҚР 29.03.2016 № 479-V Занымен (01.07.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).</p> <p>6. Еңбекке уақытша жарамсыздық пен кесіби жарамдылық сараптамасы</p> | шығарылмайтын; 1- сынып | |
| 16 | <p>Фармацевтикалық қызметке</p> <ul style="list-style-type: none"> • лицензия | <p>1. Дәрілік заттар өндірісі</p> <p>2. Медициналық мақсаттағы бұйымдар өндірісі</p> <p>3. Медициналық техника өндірісі</p> <p>4. Дәрілік препараттарды дайындау</p> <p>5. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды дайындау</p> <p>6. Дәрілік заттарды көтерме саудада өткізу</p> <p>7. Дәрілік заттарды бөлшек саудада өткізу</p> | Иеліктен шығарылмайтын; 1- сынып |
| Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті лицензиялау | | | |
| 17 | <p>Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік</p> <ul style="list-style-type: none"> • | <p>1. Ядролық қондырғылардың, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын салу</p> <p>2. Ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану</p> <p>3. Ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау</p> | Иеліктен шығарылмайтын; лицензияның қолданылу мерзімі – 5 жыл; лицензия беру кезінде осы Заңың 25-бабы З- тармағы бірінші |

| | | | |
|--|--|--|--|
| | <p>Атом энергиясын пайдалану объектілерінің тіршілік</p> <ul style="list-style-type: none"> • | <p>1. Ядролық қондырғылардың, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын салу</p> <p>2. Ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау қоймаларын пайдалану</p> <p>3. Ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтарды сақтау</p> | <p>Иеліктен шығарылмайтын; лицензияның қолданылу мерзімі – 5 жыл; лицензия беру кезінде осы Заңың 25-бабы З- тармағы бірінші</p> |
|--|--|--|--|

| | | | |
|----|--|---|--|
| | циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындауға лицензия | қоймаларын пайдаланудан шығару 4. Ядролық қондырғыларды орналастыру, салу, пайдаланудан шығару кезінде жұмыстарды және жобаларды басқару | бөлігінің және 26-бабы 1, 2-тармақтарының күші қолданылмайды; 2-сынып |
| 18 | Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке лицензия | 1. Радиоактивті қалдықтарды жинау және сұрыптау 2. Үй-жайларды, жабдық пен материалдарды қатерсіздендіру (радиоактивті ластанудан тазарту) 3. Радиоактивті қалдықтарды өндеу 4. Радиоактивті қалдықтарды сақтау және көму 5. Аумақтар мен объектілерді радиациялық оналту, өндеп қалпына келтіру | Иеліктен шығарылмайтын; лицензияның қолданылу мерзімі – 5 жыл; лицензия беру кезінде осы Заңың 25-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің және 26-бабы 1, 2-тармақтарының күші қолданылмайды; 1-сынып |
| 19 | Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметке лицензия | | Иеліктен шығарылмайтын; 2-сынып |
| 20 | Жүргізілген ядролық сынақтар нәтижесінде ластанған бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумақтарындағы және басқада аумақтардағы қызметке лицензия | | Иеліктен шығарылмайтын; 2-сынып |
| 21 | Атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметтер көрсетуге лицензия | 1. Құрамында иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздері бар немесе иондаушы сәулеленуді генерациялайтын, медициналықты қоса алғанда, аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету, оларды монтаждау, кері монтаждау, зарядтау, қайта зарядтау, жөндеу 2. Иондаушы сәулелену көздерінің сондай-ақ құрамында осындаі көздер бар немесе иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптардың, жабдықтардың, қондырғылардың жұмыс сапасын бақылау 3. Аумақтарды, үй-жайларды, жұмыс орындарын, тауарларды, материалдарды, металл сыйықтарын, көлік құралдарын радиациялық бақылау 4. Өнімдердегі, материалдардағы, | Иеліктен шығарылмайтын; лицензияның қолданылу мерзімі – 5 жыл; лицензия беру кезінде осы Заңың 25-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің және 26-бабы 1, 2-тармақтарының күші |

| | | |
|---------|---|--|
| | <p>қоршаған орта объектілеріндегі радионуклидтердің барын анықтау, радион және басқа да радиоактивті газдардың шоғырлануын өлшеу</p> <p>5. Персоналды дозиметрлік жеке бақылау</p> | <p>қолданылмайды; 1-сынып</p> |
| 22 • | <p>Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге лицензия</p> <p>1. Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды дайындау</p> <p>2. Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды пайдалану</p> | <p>"Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды дайындау" кіші түрі үшін, "иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды пайдалану" (қол жүгін және багажды тексеруге арналған рентген құралдарын, рентген дифрактометрлерін, спектрометрлерді, анализаторларды қоспағанда) кіші түрі үшін - иеліктен шығарылмайтын; лицензияның қолданылу мерзімі – 5 жыл; лицензияны беру кезінде осы Заңың 25-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің және 26-бабы 1, 2-тармақтарының күші қолданылмайды; 2-сынып.</p> <p>"Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды пайдалану" (қол жүгін және багажды тексеруге арналған рентген құралдарын, рентген дифрактометрлерін, спектрометрлерді, анализаторларды</p> |

| | | | |
|---------|--|---|---|
| | | қоспағанда) кіші түрі үшін - иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып | |
| 23 • | Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге лицензия | 1. Радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды дайындау 2. Радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды пайдалану 3. Радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды сақтау 4. Радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптарды және қондырғыларды өткізу 5. Табиғи уранды өндіру және қайта өндеу | Иеліктен шығарылмайтын; лицензияның қолданылу мерзімі - 5 жыл; лицензия беру кезінде осы Заңың 25-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің және 26-бабы 1, 2-тармақтарының күші қолданылмайды; 2-сынып |
| 24 • | Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәулеленудің радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдауға лицензия | | Иеліктен шығарылмайтын; лицензияның қолданылу мерзімі - 5 жыл; лицензияны беру кезінде осы Заңың 25-бабы 3-тармағы үшінші бөлігінің және 26-бабы 1, 2-тармақтарының күші қолданылмайды; 1-сынып |
| 25 • | Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғауға лицензия | 1. Физикалық қорғау жүйелерін монтаждау, жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету 2. Ядролық материалдарды және радиоактивті заттарды тасымалдау кезінде олардың физикалық қорғалуын қамтамасыз ету | Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып |
| 26 • | Ядролық материалдармен жұмыс істеуге лицензия | 1. Ядролық материалдарды өткізу 2. Ядролық материалдарды пайдалану 3. Ядролық материалдарды сақтау | Иеліктен шығарылмайтын; лицензияның қолданылу мерзімі - 5 жыл; лицензия беру кезінде осы Заңың 25-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің және 26-бабы 1, 2- |

| | | |
|--|--|---|
| | | тармақтарының күші қолданылмайды; 2- сынып. |
|--|--|---|

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы қызметті лицензиялау

| | | | |
|------|---|--|--|
| 27 . | Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу және өткізу (оның ішінде өзге де беру) жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия | 1. Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу 2. Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын өткізу (оның ішінде өзге де беру) | Иеліктен шығарылмайтын; Еуразиялық экономикалық комиссияның ресми интернет-ресурсында орналастырылған нотификациялардың бірыңғай тізіліміне енгізілген ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын (тауарларды) өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алу талап етілмейді; 1-сынып |
| 28 . | Ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау жөнінде қызметтер көрсетуге лицензия | | Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып |

Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдар саласындағы қызметті лицензиялау

| | | | |
|------|--|---|---------------------------------|
| 29 . | Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, жасау, жөндеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия | 1. Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру 2. Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды жөндеу және өткізу | Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып |
|------|--|---|---------------------------------|

Қару-жарақ, әскери техника мен жекелеген қару түрлері, жарылғыш заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдар айналымы саласындағы қызметті лицензиялау

| | | | |
|------|---|--|---|
| 30 . | Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, коллекцияға жинау, | 1. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын әзірлеу 2. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын жасау 3. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын жөндеу 4. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын сату 5. Азаматтық және қызметтік қару | Иеліктен шығарылмайтын; лицензия беру кезінде осы Заңның 25-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің және 26-бабы 1, 2- |
|------|---|--|---|

| | | | |
|----|--|---|---|
| | экспонаттау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия | мен оның патрондарын коллекцияға жинау 6. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын экспонаттау | тармақтарының күші қолданылмайды; 1-сынып |
| 31 | Алып тасталды - ҚР 29.03.2016 № 479-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). | | |
| 32 | Жауынгерлік қол атыс қару мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия | 1. Жауынгерлік қол атыс қару мен оның патрондарын әзірлеу 2. Жауынгерлік қол атыс қару мен оның патрондарын жасау 3. Жауынгерлік қол атыс қару мен оның патрондарын жөндеу 4. Жауынгерлік қол атыс қару мен оның патрондарын сатып алу және сату | Иеліктен шығарылмайтын; лицензия беру кезінде осы Заңың 25-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің және 26-бабы 1, 2-тармақтарының күші қолданылмайды; 3-сынып |
| 33 | Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, жасау, сату, пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия | 1. Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу 2. Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды өндіру 3. Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сату 4. Азаматтық пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды пайдалану | Иеліктен шығарылмайтын; лицензия беру кезінде осы Заңың 25-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің және 26-бабы 1, 2-тармақтарының күші қолданылмайды; 1-сынып |
| 34 | Алып тасталды - ҚР 29.03.2016 № 479-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). | | |
| 35 | 1. Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия | 1. Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) әзірлеу. 2. Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) өндіру. 3. Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) сатып алу. 4. Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) өзінің өндірістік қажеттілігі үшін сатып алу. 5. Жарылғыш және пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды (азаматтықты қоспағанда) сақтау. | Иеліктен шығарылмайтын; лицензия беру кезінде осы Заңың 25-бабы 3-тармағы бірінші бөлігінің және 26-бабы 1, 2-тармақтарының күші қолданылмайды; 1-сынып |

| | | | |
|----|--|--|--|
| | | <p>1. Монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, арнайы материалдарды, оларды өндіруге арналған жабдықтарды әзірлеу, жасау</p> <p>2. Монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, арнайы материалдарды, оларды өндіруге арналған жабдықтарды әзірлеу, жөндеу, сатып алу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия</p> | Иеліктен шығарылмайтын; 1-сынып |
| 36 | бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ арнайы материалдарды және оларды өндіруге арналған жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия | <p>3. Монтаждауды, реттеуді, жаңартуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, арнайы материалдарды, оларды өндіруге арналған жабдықтарды сатып алу және өткізу</p> | |
